Қазіргі заман қоғамының ақпараттық ортасы медициналық мәдениеттің барлық қырлары мен формаларының дамуын айқындайтын неғұрлым маңызды факторлардың бірі болып табылады. Постақпараттық қоғам басы артық ақпаратқа толы әлем болып шығады [3]. Әлеуметтік ақпараттың артық болуы дүдәмалдыққа ұрындырады, өйткені тұтынушыға ақпараттың қандай бөлігінің артық екені, ал қандай бөлігінің маңызды әрі қажет екені белгісіз болып қалады. Бұл басы артық әлеуметтік ақпараттың ерекше бейберекеттігі. Мұндай жағдай соңғы онжылдықтарда қоғамның ақпараттық кеңістігінде қаптап кеткен және де медициналық қауымдастық өкілдерінің де, сондай-ақ басқа азаматтардың да бағыт-бағдар іздеулеріне тура келетін медициналық ақпарат құралдарына өте тән нәрсе болып отыр.

Медициналық мәдениеттің нақты формалары сан қырлы және әралуан. Мұны ең алдымен оны жасаушы тек медицина қызметкері емес, сондай-ақ қоғамның басқа да мүшелері болып табылатындығынан көруге болады. Медициналық-мәдени қызметтің негізінде өмір мен денсаулықты сақтаудың жалпы адамзаттық талап-тілек жатады. Сондықтан да денсаулықты сақтау, диагностика жасау және түрлі ауруларды емдеу тәсілдері мен құралдары туралы білім әлеуетін жасайтын адамдардың бәрін медициналық мәдениеттің субъектісі ретінде қарастырған дұрыс болады.

Медициналық мәдениеттің субъектісі оның өнімдерін – медициналық және медициналық-әлеуметтік технологияларды, білімді, адамның медициналық қызметі мен жаңа биоәлеуметтік сапасын жүзеге асыратын материалдық құралдарын жасайтын адам. Емдеуші адам (homo sanans) – ауруларды жазуға және ауырған адамдардың жан азабын жеңілдетуге, адамның денсаулығын қалпына келтіруге және болашақта аурулардың пайда болуының алдын алуға бағытталған қызметті жүзеге асырушы адам. Бұл ұғым «дәрігер» дегеннен әлдеқайда кең нәрсе, өйткені емдеушінің ролін адамдардың денсаулық жағдайына жақсы әсер ететін және бұл үшін арнайы әдістер мен тәсілдерді, оның ішінде ғылыми емес амалдарды да қолданатын әрбір адам атқара алады. Шипагер, емші, дәрігер – бұл үшеуі қоғамымыздың қазіргі медициналық мәдениетінде де кездесіп отыратын «ем-дом жасаушы адамның» тарихи тұрпаты. Бұлар көптеген өлшемдер бойынша ерекшеленеді, олардың арасындағы бастылары – көрсететін қызметінің теориялық негіздері, қызмет көрсету барысында пайдаланатын технологиялар түрлері және де адамды емдеген кезде оған жүргізетін үстемдігінің деңгейі болып табылады [4].

Медициналық мәдениетті қолдаушылардың әрекетіне сәйкес оның кәсіби, бұқаралық, әдеттегі, жеке және басқа да формалары көрініп тұрады. Субъектілердің әрқайсысы медициналық мәдениеттің белгілі бір түрінің дамуына өз үлесін қосып отырады: дәрігер және басқа медицина қызметкерлері – кәсіби мәдениетке, басқа әлеуметтік топтардың өкілдері – жаппай және әдеттегі мәдениетке үлес қосады, сонымен бірге әр адам өзінің жеке медициналық мәдениетін жасай алады.

Кәсіби медициналық мәдениетке медицина қызметкерлерінің кәсіби қауымдастығы шеңберінде әрекет жасайтын және медициналық білімді, теориялық көзқарасты, медициналық технологияны және әлеуметтік практиканы, дәстүрді және адамның денсаулығы мен өмірін сақтау, түрлі аурулармен күресу мақсатында адамзат жасаған ерекше тілдік жүйені бойына сіңіретін адамзаттың медициналық мәдениетінің формасы жатады.

Бұқаралық медициналық мәдениет тарихи дәуірлердің бәрінде қоғамдық сананың және адамдардың практикалық қызметінің формасы болып келеді. Ол түрлі аурулар мен олардың себептері туралы, ол ауруларды емдеу және алдын алу әдістері туралы, медициналық қызметкерлер туралы, денсаулық сақтау және азаматтардың денсаулығын сақтау жүйесі және тағы басқалар туралы кәсіби медициналық білімді қарапайым түрде әрі формасын өзгертіп бейнелейді. Адамның тіршілік қарекетінің барлық салаларын урбанизациялау, техникаландыру және ақпараттандыру ақпараттық қоғамның белгілері бола отырып, осы заманғы бұқаралық медициналық мәдениеттің ерекшелігін де қалыптастырады. Қазіргі бұқаралық мәдениеттен өзінің мәдени-тарихи дамуының кезекті сатысында тұрған қоғамның ерекшеліктері көрінеді.

Әдеттегі медициналық мәдениет адамның күнделікті өмірі барысында өмірлік тәжірибе негізінде қалыптасады. Оған ғылыми, дәстүрлі және халықтық медицина саласындағы шашыраңқы білімдер, стереотиптер және ырым-жырымдар, әлеуметтік-мәдени аңыздар мен салт-дәстүрлер, адамның денсаулығын сақтау саласындағы тіршілік қарекетін, сондай-ақ түрлі аурулардың пайда болуын, беталысын және оны емдеудегі жеке тәжірибені реттеп отыратын әлеуметтік, құқықтық, діни нормалар кіреді. Осынау жеке тәжірибеге өзі бастан кешкен аурулар кезінде орын алған күйзелістері мен сезінулері және де басқа ауырған адамдарды күтіп-баққанда өзара іс-әрекет тәжірибесі және медициналық және фармацевтік саладағы түрлі мекемелер өкілдерімен өзара іс-әрекет жасау тәжірибесі де кіреді.

Жеке медициналық мәдениет қоғамның кәсіби және әдеттегі мәдениетінің жеке тұлға деңгейінде өмір сүру формасын білдіреді. Оған медицинаның түрлі салаларында әртүрлі аурулардың пайда болуы, оны емдеу және алдын алу туралы жеке тұлға білімінің жиынтығын, ауырған кездегі күйзеліс пен оны емдеудің субъективті тәжірибесін, адамның денсаулықты сақтау және оны қалпына келтіру саласындағы мінез-құлқын реттеп отыратын әлеуметтік, этикалық, құқықтық және басқа нормалары туралы білімі мен түсініктері кіреді. Адам өз білімінің және меңгерген медициналық практикаларының көмегімен денсаулық жағдайының барлық қырларының түрін өзгертіп отырады.

Жалпы алғанда медицинаның басты мақсаты адамның физикалық денсаулығын сақтау болып келген. Үшінші мыңжылдықта адамның медициналық-мәдени қызметінің мақсаты адамның тіршілік қарекетінің барлық салаларын – дене бітімін, әлеуметтік, психикалық, рухани жақтарын қамтитын денсаулықтың кешенді жай-күйі болмақ. Осынау ғаламдық мақсатқа жету биомедициналық, медициналық-әлеуметтік, әлеуметтік және гуманитарлық технологияларды қолданудың нақты шарттарын ескере отырып жасалатын бүкіл кешенін жүйелі түрде пайдаланғанда мүмкін болмақ.

Қазақстан қоғамының қазіргі заманғы медициналық мәдениеті әлемдік медициналық мәдениеттің тұтас жүйесіне барған сайын кіріге түсуде. Сонымен бірге өзінің кәсіби формадан жеке формаға дейінгі барлық нақты формаларының даралық ерекшеліктерін сақтап қалуда. Осы заманғы отандық медициналық мәдениет үшін ем жасаудың және медициналық қызметтің сан алуан формаларының қатар өмір сүруі

мен өзара әрекеттестігінің, ғылыми және ғылыми емес білімнің өзара байланысының, моральдік құндылықтардың кәсіби медициналық мәдениетте, медициналық мәдениеттің басқа формаларында өмір мен денсаулық құндылықтарының жаңғыруы проблемалары өте маңызды болып отыр. Осы және басқа көптеген этикалық және мәдениеттану проблемалары отандық медициналық мәдениетті одан әрі дамыту бағытын айқындайды.

Медициналық мәдениет эволюциясы ерекшеліктерінің бірі – оның жаңа формаларының пайда болуы бұдан ертеректе болғандарын жоққа шығармайтындығында. Олар заман ағымына қарай қатар өмір сүріп, бір-біріне белгілі бір ықпал етіп отырады, бірақ та жойылып кетпейді. Медициналық мәдениеттің сан алуан формаларының өзара байланысы жинақталған тәжірибені кәдеге жаратуға, оны сыни көзқараспен ой елегінен өткізуге және адамдардың игілігіне неғұрлым тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ««Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Жолдауы // Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы сайты [Электрондық қор] Іздену көздері: - [http://akorda.kz/...](http://akorda.kz/) Қаралған күн: 11.02.2014.

2 Жданов Ю.А. Проблемы теории и истории культуры // Жданов Ю.А., Давидович В.Е. Сущность культуры. Изд. 2-е, перераб. / Отв. ред. Ю.Г. Волков. - Ростов н/Д: Наука-пресс, 2005. - С. 61.

3 Латыпов И.А. Информационное общество. // Социальная философия: Словарь / Сост. и ред. В.Е. Кемеров, Т.Х. Керимов. - 2-е изд., испр. и доп. - М.: Деловая Книга, 2006. - С. 186.

4 Жарова М.Н. Человек врачующий: целитель-врачеватель-врач // Альманах современной науки и образования. - Тамбов: Грамота, 2010. №1(32): в 2-х ч. Ч. 2. - С. 39-43.

Резюме

В современном обществе эффективная профессиональная деятельность по охране здоровья и оказанию медицинской помощи населению становится труднодостижимой целью без адекватного понимания роли социокультурных факторов, влияющих на эту деятельность.

Summary

In modern society, effective professional activities of health and medical assistance to the population becomes difficult to achieve without an adequate understanding of the role of sociocultural factors affecting this activity.

УДК 378,14:796 (574)

РАЗВИТИЕ ЯЗЫКОВОГО СОЗНАНИЯ СТУДЕНТОВ В ПРОЦЕССЕ ВОЕННО-ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ (на материале экспериментов)

А.А. Загинайко – к.п.н., ст. преп. кафедры ТуМ НВП, КазНПУ им. Абая

В статье рассматриваются психолингвистические особенности динамики языкового сознания студентов – будущих военных руководителей в процессе профессионального обучения на кафедре теории и методики начальной военной подготовки. Языковое сознание изучается экспериментально, в частности, при помощи лингвистического тестирования – оно позволяет реконструировать различные связи языковых единиц в сознании и выявить характер их взаимодействия в различных процессах понимания, хранения и порождения речевых произведений. В статье отражены статистические результаты двух проделанных экспериментов (лингвистического и интерпретационного) на выявление роста профессиональной компетенции будущих преподавателей – руководителей начальной военной подготовки. Данные эксперимента показывают, что с повышением уровня профессионализма из речи обучаемых уходят непрофессиональные определения слов-терминов, появляются такие семантические категории, как профессиональные ассоциации и профессиональный сленг. Разработанная и апробированная в эксперименте схема анализа может быть применена к любой профессиональной сфере для определения уровня компетенции.

Ключевые слова: психолингвистика, языковое сознание, лингвистический/интерпретационный эксперимент, профессиональная ассоциация и мотивация

В будущей профессиональной деятельности руководителей НВП большое значение имеет уровень развития языкового сознания, непосредственно связанный с эффективностью подготовки школьников к службе в Вооруженных силах РК.

Словосочетание «языковое сознание» активно применяется в последнее время в психолингвистических работах. Под *языковым сознанием* (в другой терминологии – *языковое мышление, речевое мышление*) – понимается «совокупность психических механизмов порождения, понимания речи и хранения языка в сознании, то есть психические механизмы, обеспечивающие процесс речевой деятельности человека» [8, с. 47]. Это «знания, используемые коммуникантами при производстве и восприятии речевых сообщений» [13, с. 11].

Подробное рассмотрение определений языкового сознания и принципов его исследования можно найти в работах Т.В. Ушаковой (Ушакова, 2004) [10]. Н.В. Уфимцева изучает языковое сознание русских на материале лексических ассоциаций (Уфимцева, 2002) [9]. Ю.Н. Караулов предложил модель языковой личности, включающей лексикон, семантикон и прагматикон (Караулов, 2002) [3-4]. Общераспространенным является положение об этноцентризме сознания как следствии взаимодействия национального языка и культуры, взаимообусловленности языка и мышления (Леонтьев, 1993 [5]; Вежбицкая, 1997 [1]). Наряду с языковым сознанием выделяют сознание коммуникативное и когнитивное (Стернин, 2002) [8]. Изучаются особенности языкового сознания представителей субкультур (Ю.В. Щербинина, 2011) [12].

Языковое сознание изучается экспериментально, в частности, при помощи лингвистического тестирования – оно позволяет реконструировать различные связи языковых единиц в сознании и выявить характер их взаимодействия в различных процессах понимания, хранения и порождения речевых произведений. Для анализа и изучения языкового сознания учащихся военного вуза (вуза) была выбрана экспериментальная методика, которая позволяет выявить через динамику понимания языковых единиц некоторые особенности психолингвистических процессов. Ожидаемые результаты – выявить, как меняется языковое сознание будущих руководителей НВП в процессе профессионального обучения.

В эксперименте участвовали две группы абитуриентов и две учебные группы студентов четвертого курса КазНПУ им. Абая. Такой выбор позволит сравнить и проанализировать профессиональную компетентность на «входе» и «выходе». Перед тестированием испытуемые написали краткие биографические данные: фамилия, имя, место рождения и проживания, профессии родителей, мотивация выбора профессии военного.

Для тестирования было отобрано 17 слов, принадлежащих к разным тематическим группам (воинские формирования, воинские звания/должности, военная одежда, фортификационные сооружения и т.д.), но объединенных общей макротемой – война, военная служба. От испытуемых требовалось дать вербальное истолкование 17 лингвистических понятий. Общее количество опрошенных студентов составило 48 человек, на 17 слов-стимулов было получено около 750 реакций.

Обратимся к анализу полученного материала. На первом этапе обработки информации мы тематически сгруппировали ответы, посчитали процентное их употребление и расположили в порядке убывания. Полученные результаты были оформлены в таблицу:

Таблица 1. Сравнительная таблица ответов абитуриентов и учащихся вуза на слова из военной лексики

Слово-стимул	Абитуриенты	Студенты 4 курса
Автомат Калашникова	1. автомат, изобретенный Калашниковым – 49% 2. самое распространенное оружие в мире – 30% 3. ответ отсутствует – 12% 4. автоматическое оружие – 9%	1. индивидуальное стрелковое оружие, предназначенное для уничтожения живой силы и огневых средств противника – 48% 2. АК-47, АК-74, АКМ – 25% 3. самое распространенное оружие в мире – 20% 4. штурмовая винтовка – 7%
БТР, БМП	1. ответ отсутствует – 69% 2. бронированная машина, бронемашина на гусеницах – 25% 3. танк – 6%	1. боевые бронированные машины, предназначенные для транспортировки личного состава к месту ведения боя – 38% 2. БТР-80, 90, БМП 1, 2, 3 – 28% 3. бронетехника – 22% 4. «коробочка», «жестянка» – 12%
Батарея	1. воинское подразделение – 38% 2. артиллерийское подразделение – 33% 3. ответ отсутствует – 29%	1. минометная батарея – 39% 2. основное огневое артиллерийское подразделение – 36% 3. огневое и тактическое подразделение в артиллерии, структурно соответствующее роте – 25%
Блиндаж	1. землянка – 71% 2. защитное сооружение – 29%	1. защитное сооружение – 50% 2. постоянное или временное фортификационное подземное сооружение для защиты от пулемётного, артиллерийского, миномётного огня и оружия массового поражения и для отдыха личного состава – 43% 3. землянка – 7%
Бой	1. сражение – 33% 2. битва – 28% 3. драка – 26% 4. рукопашный бой – 9% 5. бои без правил – 4%	1. организованное вооружённое столкновение, ограниченное на местности и во времени – 32% 2. сражение – 24% 3. оборона, наступление – 23% 4. битва – 16% 5. рукопашный бой – 5%

Взвод	1. Группа военнослужащих – 68% 2. Воинское подразделение – 32%	1. воинское подразделение, насчитывающее, как правило, от двух до четырёх отделений, но возможно и большее количество – 78% 2. мотострелковый взвод, мсв – 22%
Война	1. Продолжение политики государства военными средствами – 46% 2. Вооруженные действия между государствами – 39% 3. Смерть – 15%	1. конфликт между государствами в форме военных (боевых) действий – 44% 2. продолжение политики государства военными средствами – 29% 3. Главным средством в войне является армия – 12% 4. Вооруженные действия между государствами – 9% 5. Смерть – 6%
Граната	1. Оружие – 47% 2. Боеприпас – 40% 3. Противотанковая граната – 8% 4. «лимонка» – 5%	1. взрывчатый боеприпас, предназначенный для поражения живой силы и техники противника – 38% 2. РГД-5, Ф-1, РГН, РГО – 23% 3. Противотанковая граната – 12% 4. Наступательная граната – 11% 5. Оборонительная граната – 8% 6. «лимонка» – 8%
Караул	1. Сообщение об опасности – 93% 2. Село в Восточно-Казахстанской области – 7%	1. вооруженное подразделение или его часть, предназначенное для охраны и обороны – 58% 2. подразделение, выполняющее боевую задачу по охране и обороне боевых знамен, военных и государственных объектов – 42%
Командир	1. начальник – 60% 2. военный руководитель – 35% 3. военнослужащий, обладающий властью – 5%	1. должностное лицо в Вооруженных силах, руководящее подразделением, соединением – 31% 2. начальник воинской части, подразделения – 26% 3. командир взвода, роты, батальона – 24% 4. «батяня», «дед» – 19%
Студент	1. Учащийся в военном вузе – 48% 2. Название телесериала – 36% 3. Мечта абитуриента – 16%	1. Учащийся военного вуза – 71% 2. Должность в военном вузе – 18% 3. Кадет – 5% 4. «Масёл» – 7%
Окоп	1. Защитное укрытие – 56% 2. Траншея – 28% 3. Яма для укрытия – 16%	1. углубление в грунте, защищающее личный состав подразделения и военную технику от поражения различными видами вооружения – 28% 2. Закрытие от пуль в виде рва с насыпью; то же, что траншея – 26% 3. Траншея – 26% 4. Окоп для стрельбы лежа (сидя, стоя) – 20%
Офицер	1. Командир – 44% 2. Профессия – 28% 3. Начальник – 28%	1. Командир – 46% 2. Начальник – 35% 3. Призвание – 11% 4. лицо командного в начальствующего состава в вооруженных силах, а также в милиции и полиции – 8%
Пилотка	1. Головной убор военнослужащих – 86% 2. Неправильное, неточное определение – 14%	1. летний форменный головной убор военнослужащих – 97% 2. «чепчик» – 3%
Пулемет	1. оружие – 60% 2. средство для обороны – 20% 3. автоматическое оружие – 20%	1. групповое стрелковое автоматическое оружие поддержки, предназначенное для поражения пулями различных наземных, надводных и воздушных целей – 53% 2. ПК, РПК, КПВТ – 47%
Танк	1. Бронированная машина – 58% 2. Неправильное, неточное определение – 42%	1. бронированная боевая машина, чаще всего на гусеничном ходу, как правило, с пушечным вооружением в качестве основного – 48% 2. бронетехника – 34% 3. Т-72, Т-80, Т-90 – 12% 4. «Коробочка» – 6%

Как видно из таблицы слова военной лексики у абитуриентов и студентов 4 курса имеют различную семантическую наполняемость. Все полученные ответы можно разделить на шесть групп: 1. Профессио-

нальное определение, 2. Непрофессиональное определение, 3. Образная ассоциация, 4. Профессиональная ассоциация, 5. Профессиональный сленг, 6. Ответ отсутствует. Представим эти данные в виде диаграммы:




Диаграмма 1. Сравнительная диаграмма развития языкового сознания абитуриентов и студентов 4 курса

К первой группе «профессиональное определение» относятся ответы, в которых в полной или частичной форме присутствуют профессионально-грамотные формулировки предложенных понятий. Естественно, что эти показатели значительно выше у выпускников вуза – 67%, хотя и у поступающих наблюдается военно-профессиональная направленность – 18%.

«Непрофессиональное определение» – в эту группу вошли ответы, содержащие неточные, неправильные представления о военных реалиях. Почти половина ответов абитуриентов относится к этой группе (48%), у студентов 4 курса показатели этой группы низки – 3%.

К группе «профессиональная ассоциация» мы отнесли ответы, в которых не раскрывается понятие термина, но даются классификации, разновидности этого слова. Например, некоторые студенты в графе напротив термина «автомат Калашникова» написали виды этого стрелкового оружия: АК-47, АК-74, АКМ. Ответы, относящиеся к данной группе, демонстрируют высокий уровень профессиональной компетенции. У выпускников процент таких ответов от общего количества составил 19%, у поступающих – 1,5%.

Группа «образная ассоциация» включает ответы, базирующиеся на трактовке термина через общепонятный речевой образ-ассоциацию. Например, «блиндаж» – землянка, «война» – смерть и т.д. У абитуриентов четверть ответов (26%) строятся на образной ассоциации. У студентов 4 курса показатели этой группы низки (4%), так как для них предложенная лексика уже имеет в первую очередь профессиональную семантику, а общеупотребительное образное значение отодвигается на второй план.

«Профессиональный сленг» небольшая группа ответов, в которых дается разговорный, неофициальный эквивалент слова, бытующий в данной субкультуре. Например, «танк» – «коробочка», «командир» – «батяня», «дед». У студентов, как представителей данной субкультуры, процент профессионального сленга составляет 7%, у абитуриентов только пару раз встречается сленговое слово «лимонка» (граната), которое благодаря художественной литературе и кино стало общепонятным.

Классификация полученных результатов позволила выделить четыре причины и объяснить, что различия в ответах обусловлены:

- ✓ широтой/узостью лексического диапазона испытуемого – здесь имеет значение общий интеллектуальный уровень, влияющий на понимание лексических единиц в ментальном лексиконе;
- ✓ общеполитической грамотностью испытуемых – специфика военного образования непосредственно связана с политической сферой и, соответственно, осведомленность в области политики повышает общий военно-профессиональный уровень;

✓ региональной принадлежностью – испытуемые, проживающие вблизи военных гарнизонов, баз, показали более высокий уровень знаний в военно-профессиональной сфере;

✓ уровнем профессиональной мотивации – испытуемые с высоким уровнем мотивации (сознательно выбранная профессия, продолжение семейных традиций потомственных военных) уже на начальном этапе обучения демонстрировали хороший уровень профессиональной подготовки.

Таким образом, можно утверждать, что проведенный эксперимент достиг ожидаемых результатов. Нами выявлены тематические группы, позволяющие проследить динамику развития языкового сознания учащихся в процессе профессионального обучения. С повышением уровня профессионализма из речи обучаемых уходят непрофессиональные определения слов-терминов, появляются такие семантические категории, как профессиональные ассоциации и профессиональный сленг. Данная схема анализа может быть применена к любой профессиональной сфере для определения уровня компетенции.

Второй эксперимент со студентами вуза имел интерпретационный характер. Студентам первого и четвертого курсов были розданы четыре карточки с отрывками из художественных произведений о Великой Отечественной войне, о военных действиях в Чечне и Афганистане. Названия произведений и авторы не указывались.

Приведем тексты эти карточек:

Карточка №1

«В нашу «корову» загружаются питерские «собры». Домой едут. Один из «собров» говорит мне: – Главное, чтоб командир у вас был упрямый. Чтоб вас не засунули куда-нибудь в... В рот их приказы! Вон рязанских вывезли в чистое поле, заставили окапываться. А через неделю сняли. Но четверых уже окопали, бя. Даже раскапывать не надо. А у нас на пятнадцать человек – двое раненых – и всё. Потому что клали мы на их приказы.
- Город в руках федералов, – слышу я разговор в другом месте, – но боевиков в городе до черта. Отсиживаются. Днём город наш, ночью – их» [6].

Карточка №2

«Кто-то из невесело-раздумчивых русских солдат с первых же дней войны назвал этот чужой самолет-разведчик "костылем", вложив в это слово презрение и горькую обиду: его трудно было сбить. Он часто попадал в сосредоточенный огонь нескольких зенитных батарей и, искореженный, почти бескрылый и бесхвостый, не улетал, а утягивался, сволочь, туда, откуда появлялся, после чего наступало жестокое лихо бомбежки» [2].

Карточка №3

«Сегодня ночью идем в «зеленку». Ты маленько отдохни. После обеда на стрельбище. Давно на крючок не жали. Все тряпки да палки! А ты не маляр, а сержант. Понял, что говорю? – Так точно! – ответил Варгин, собирая свое тело в груды твердых, упругих мышц. – На стрельбище давно не бывали!»

«По одному!.. Аккуратно!.. Без звука!.. – командовал майор. Пойдешь по арыку!.. Русла держись!.. Ни влево, ни вправо!.. – говорил Грачев капитану. – Ткнешься в дорогу – займешь позицию!.. Мы на левом фланге!.. Взаимодействуй!» [7].

Карточка №4

«Танки шли на малой скорости, не отрываясь от пехоты, осторожно минуя бугорки сурчиных нор, прощупывая пулеметными очередями подозрительные места. Танки повели с ходу и пушечный огонь. Снаряды ложились, не долетая высоты, по большей части около кустов, а потом черные фонтаны взрывов стали перемещаться, придвигаясь к окопам, и Николай прижался к стенке грудью, готовый в любую секунду стремительно пригнуться.

Когда танки прошли большую половину расстояния и, достигнув кустов, увеличили скорость, Николай услышал протяжные слова команды. Почти одновременно открыли огонь расчеты противотанковых ружей и пулеметчики, в бубнящую дробь автоматов впились по-особому сухие и трескучие винтовочные выстрелы» [11].

По карточкам предлагалось выполнить три задания:

- 1) Определите по характеру военной лексики описываемое военное событие.
- 2) Выделите слова, относящиеся к профессиональному сленгу, объясните их значение.
- 3) Выделите формы уставного и неуставного диалога.

С первым заданием и первокурсники, и выпускники справились одинаково успешно. И первокурсники, и выпускники военного вуза отделяют тексты о Великой Отечественной войне от текстов, относящихся к военной прозе конца XX века. Хотя в процессе последующего опроса было выяснено, что стратегия отбора в группах была разная. У первокурсников еще свежи в памяти художественные произведения о ВОВ школьной программы, поэтому при отборе текстов они руководствовались узнаванием недавно пройденного, остальные тексты они автоматически отнесли к группе военной прозы о Чечне и Афганистане. Студенты 4 курса отбирали тексты, ориентируясь больше на характер военной лексики и описание военных действий.

Со вторым заданием студенты 4 курса справились значительно лучше первокурсников. Профессиональный сленг – это слова, которые понятны представителям определенной субкультуры. Ни абитуриенты (как показал первый эксперимент), ни первокурсники еще не «влились» в военно-профессиональную среду, поэтому эта языковая категория им не знакома. После четырех лет обучения в вузе, прохождения практики и непосредственного общения с участниками военных действий в Афганистане выпускники имеют представление о профессиональном сленге. Четверокурсниками были выделены следующие слова: «корова» – вертолет МИ-26, «собры» – от «СОБР» – специальный отряд быстрого реагирования, «зеленка» – лесополоса, лес, густой кустарник.

С третьим заданием первокурсники не справились. Несмотря на то, что в школьной программе риторики проходят понятия «уставной диалог» и «неуставной диалог», на практическом материале выделить формы этих видов речи они не смогли. Студенты четвертого курса не только выделили формы уставного и неуставного диалога, но и указали на речевые ошибки. Им известно, что «уставной диалог» – это устойчивые речевые формы обращений, приказов, распространенные в военной среде. Например, «так точно!», «есть, выполнять!» и т.д. «Неуставной диалог» – это нарушение, отклонение от устоявшихся норм. Студенты 4 курса обратили внимание на наличие таких форм в карточки №3. По тексту прапорщик Кологривко приказывает сержанту прийти на стрельбище. Речь Кологривко должна быть строго уставной, но в ней встречается сленговое слово «зеленка», просторечие «маленько» и пространные рассуждения. Ответы сержанта Варгина соответствуют уставным нормам: «Так точно!», повторение в речи подчиненного сути приказа – «На стрельбище давно не бывали».

Подводя итоги двум лингвистическим экспериментам можно утверждать, что в языковом сознании индивида сильна роль профессионального обучения. Особенно это актуально для профессиональной подготовки будущих руководителей НВП, так как может сложиться, что выпускники вуза могут прийти в школу и стать преподавателями НВП без опыта военно-профессиональной деятельности. Для развития военно-профессионального языкового сознания будущих руководителей НВП важно повышение не только общего интеллектуального уровня, но и род деятельности носителя языка, а также организация специальной учебной и воспитательной деятельности. С повышением уровня профессионализма из речи обучаемых уходят непрофессиональные определения слов-терминов, появляются такие семантические категории, как профессиональные ассоциации и профессиональный сленг. В процессе вхождения носителя языка в определенную субкультуру многие лексические единицы могут менять свою семантическую значимость, до полной утери первоначального значения слова.

1 Вежибицкая А. Понимание культур через посредство ключевых слов. – М., 1999.

2 Воробьев В. Убиты под Москвой / Военная проза / Сост. Е.Ерохина. – М., 2006.

3 Караулов Ю.Н. Показатели национального менталитета в ассоциативно-вербальной сети // Языковое сознание и образ мира. – М., 2000.

4 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М., 1987.

5 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. М., 1975.

6 Прилепин З. Патологии: Роман. – М., 2006.

7 Проханов А. Знак Девы / Война: рассказы / Сост. З.Прилепин. – М., 2008.

8 Стернин И.А. Коммуникативное и когнитивное сознание / С любовью к языку. – М.-Воронеж, 2002. – С. 44-51.

9 Уфимцева Н.В. Взаимодействие культур и языков: теория и методология // Встречи этнических культур в зеркале языка. – М., 2002

10 Ушакова Т.Н. Языковое сознание и принципы его исследования // Языковое сознание: теоретические и прикладные аспекты / Сб. под ред. Н.В. Уфимцевой. – М.-Барнаул, 2004. – С. 6-17.

11 Шолохов М. Они сражались за Родину. – М., 2010.

12 Щербинина Ю.В. Речевая агрессия. Территория вражды. – М., 2012.

13 Этнокультурная специфика языкового сознания. – М., 1996.

Түйін

Мақалада бастапқы әскери дайындық теориясы мен әдістемесі кафедрасының кәсіби білім беру үдерісіндегі болашақ әскери жетекші студенттердің психолінгвистикалық ерекшеліктерінің тілдік танымының динамикасы қарастырылады. Тілдік таным лингвистикалық тестің көмегімен, сөздік қордың сақталуымен, туындауы түсініктің түрлі үдерістерінің өзара қатынасында көрініс беріп, оны қайта қалыптастыру мүмкіндігі мен эксперименттік түрде меңгеріледі.

Summary

This paper discusses psycholinguistic features of the dynamics of linguistic consciousness of students – future military leaders in the course of vocational training in the department of theory and methodology of basic military training. Linguistic consciousness is studied experimentally, in particular by means of linguistic testing – it is possible to reconstruct the various communication language units in the minds and reveal the nature of their interaction in various processes of understanding, storage and generation of speech products.

КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қ.О. Жеделов – п.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ, өнер, мәдениет және спорт институты директорының ғылыми және халықаралық қатынастар-ісі жөніндегі орынбасары, доцент

Мақалада «құзыреттілік» ұғымына түсінік беріліп, көркемдік білім беруде құзыреттілік мәселелерінің негізгі талаптары мен себеп-салдары қарастырылады. Өйткені көркемдік білім беру – адамда жүйеленген білімді, дағдыны және білікті сапалы меңгерту, ақыл-ойы мен сезімін дамыту, дүниеге көзқарасын және танымдық ойларын жетілдіру үрдістері мен нәтижесі. Әрбір практикалық іс-әрекет – жеке адамның қиындықтарды жеңу, әрекеттерді өз күшімен орындау қабілеттілігін қалыптастыруды, білімділікті талап етеді.

Түйін сөздер: ақыл-ойы, практикалық іс-әрекет, құзыреттілік, мотив, көркемдік білім беру, іскерлік, біліктілік

Құзыреттілік дегеніміздің өзі болашақ оқытушы-мұғалім – қазіргі студенттер мен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін көркемдік білім беру арқылы дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңа көркемдік өнерді түсіне білуге, өнер түрлерін түсінуге білімнің жетіспеушілігін сезінуді үйрету арқылы ізденуге бағыттауды жетілдіруде күтілетін нәтижелер болып табылmaq. Бұның өзі көркемдік білім берудің кезегінде қазіргі оқытушы-мұғалімдерден шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны жетілдіруді талап етеді.

Тұлға бойына көркемдік білімді дарытуда оқытушы-мұғалімдердің арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан-жақты болуы талап етіледі. Егер оқытушы-мұғалімдер өзінің білім жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің негізгі қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана өз құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады.

Қазіргі интеграциялауға қол жеткізудің қажетті шарты көркемдік білім беру қоғамның ғылыми құралы болып табылады. Өйткені көркемдік білім беру – адамның дүниеге көзқарасын және танымдық ойларын қалыптастыру арқылы жүйеленген сапалы білімді, дағдыны және білікті меңгерту, ақыл-ойы мен сезімін дамытудың үрдістері мен нәтижесі. Сонымен қатар ұстанымдар мен әдістерді меңгерген, қабілеті мен біліктілік деңгейі жоғары әр алуан фактілер мен құбылыстарды танып-білуге жалпы көзқарасты білдіретін ортақ идеяларды ұстай білетін көркемдік білім беру иесін маман деп айтуға болады.

Қоғам талабына сай ұрпаққа тәрбие мен білім беруде профессор-оқытушылардың көркемдік білім қабілетін жетілдіруде ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Осыған байланысты тұлғаның ой-өрісін, мәдениетін, рух пен сана-сезімін дамытып, жетілдіруде көркемдік білім бере отырып тәрбие беру жүйесіндегі іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді.

«Қазақстанның болашағы – бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деп Елбасымыз айтып өткендей, жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр [1].

Білім беру жүйесіндегі қазіргі мақсат – бәсекеге қабілетті, біліктілік деңгейі жоғары маман дайындау. Осы себептерге байланысты нарық жағдайындағы профессор-оқытушыларға қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, көркемдік білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігін жаңа формация да дамыту болып табылады.

Профессор-оқытушылар өз мақсаттарында жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіруге байланысты біліктілік арттыру жүйесіндегі нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке енуге дағдыланады. Осы себептерге байланысты заманауи суретші-педагогтар оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келуі керек. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация дамыту үшін профессор-оқытушылар-рефлексияға қабілетті, әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен өзін-өзі жүзеге асыруға талпынатын рухани-адамгершілікпен сипатталатын, жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға болуы қажет. Міне осы мәселеге байланысты ҚР «Білім туралы» заңында «нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындап отыр» деп көрсетілген [2,6 б.].

Ғылым, мәдениет, өнер салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпы адамзаттық игіліктер негізінде инновациялық педагогикалық технологияларды жоғары деңгейде көтеруге ықпал етуге. Заманауи қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында тұлғаны айқындайтын рухани мәдениетімізді өнер арқылы жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Көркемдік өнерге кеңестік дәуірдегі ықпалдың әсер еткен жерлерін қалпына келтіріп, нығайту және өркениетті елдердің өнер мәдениеті қауымдастығы қатарынан орын алу. Кеңес дәуірі кезінде саяси жүйеде қазақ елінің өткен тарихы, көркемдік өнері, оның барлық кезеңдері мен іргелі мәселелері бұрмаланып тоқырауға ұшырағаны құпия емес. Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін көркемдік өнерде қазақ елінің этнопедагогикасының құзіреттілігі жабық тақырып болғаны анық. Ол кезде Қазақ елінің көркемдік өнерінде этнопедагогикалық дәстүрлердің қалыптасуы мен дамуы бойынша барлық ғылыми-зерттеу мен білім беру саласында батыс Еуропа, Ресей көркемдік өнері туралы ғана сөз болды. Ғылымдағы түрлі тұжырымдамаларды қалыптастыруға тікелей ықпалы болған бұл идеологиялық ұстанымның салдары қазақ елінің соның ішінде халықтың тарихи танымынан анық байқалды: қазақ халқы өзін өркениеттік құндылықтар жаратқан субъект ретінде сезіну-ден қалды, оның көңіліне өзінің этностық болмысына қатысты күдікті ойлар ұя сала бастады.

Қазіргі уақытта ұлт тарихын түгендеу, ұлт руханиятын қайта түлету мақсатында жасалынған «Мәдени мұра» бағдарламасы ұзақ мерзімге бағытталған кешенді, жүйелі іс-шаралардың мазмұнын құрайды. Бағдарлама елдің рухани және білім беру саласын дамыту, мәдени мұрасының сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатын көздейтіндігі әлемдік ғылыми ой-сананың, қазақ елінің мәдениет пен өнердің тандаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасау міндеті қойылып отырғандығының белгісі іспеттес.

«Мәдени мұра» бағдарламасына қатысты алқалы жиында көшпенділердің әлемдік тарихтағы роліне елбасымыз Ә.Назарбаев, тоқталып, қазақ жерінің Еуразия Кеңістігінің мәдени мәйегі, рухани түп қазығы болғанын айта отырып: «Қазақстанды Ұлы Дала өркениетінің қара шаңырағы ретінде халықаралық деңгейде танытып, қалыптастыруымыз керек», – деді [3]. Сондықтан қазақ елінің өткен тарихындағы озық көркем өнерлерді этнопедагогикалық идеяларды ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарап, бүгінгі ұрпақты жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыруға пайдалану көркемдік білім берудегі құзыреттіліктің керектігі күттірмейтін басты мәселе. Біз ең алдымен, өзіміздің көркемдік өнерімізді, тарихымызды нақты айқындап алуымыз қажет, бұл – әрбір ғылым мен өнер саласына қатысты мәселе.

Қазақ елінің сан ғасырлық көркемдік өнерін және тарихын философтар атап өткеніндей, көркемдік білім берудегі құзыреттіліктің түркілік кезеңнен бөліп қарастыруға болмайды. Сондықтан ата тегіміз болып келетін түркі халықтарының ділі мен дінін, көркемдік дүниетанымын, тәжірибесін ел тәуелсіздігін нығайту тұрғысында әлемдік көркемдік білім берудегі құзыреттілікті философиялық тұрғыдан игеруді толық ескеруіміз керек. Заманауи педагогика ғылымы саласында соның ішінде Шығыс және түркі өркениетінің ерекшеліктері мен тарихи тамырларын дүниежүзілік мәдениетпен салыстыра отырып, қазақ елінің көркемдік өнерін кешенді түрде зерттеулер жүргізу қажеттігінен көркемдік білім берудегі құзыреттілікті анықтау туындатып отыр. Шығыстың бай көркемдік өнерінің және түркі өркениетінің этнопедагогикалық және тәлім-тәрбиелік ой-санасы мен соның ішінде қазақ елінің этнопедагогикалық дүниетанымының көркемдік білім берудегі құзыреттілігі халық көркемдік өнер шығармашылығы мен ұлы ойшылдардың тәлім-тәрбиелік идеяларынан құралады. Қазақ елінің өзін басқаға таныту барысында көркемдік өнерін, мәдениетін және өмірдегі орны мен ролін әлеуметтік және этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән берілуі қазақ елінің этнопедагогикалық ерекше сипаты болып табылады. Негізінде қазақ этнопедагогикасы – шығыстық этнопедагогикаға қарағанда рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыру, оны өзіндік мазмұнмен байыту да кешеуілдеп қалған педагогика болып табылады. Қазіргі кезде қазақ этнопедагогика ғылымының ғұламалары әл-Фараби, М.Қашқари, Ж.Баласағұнның бай мұрасы, сонымен қатар сәндік-қолданбалы қолөнері мен бейнелеу өнерінің түрлері дәстүрлі өнеріміздің тарихымыздың бастау көздері болып табылатындығын өркениетті ел болуға аяқ басқан қазіргі кезде батыл айтатын уақыт жетті. Қазақ елінің сан ғасырлар бойы көркемдік өнерге қатысты жинақтаған інжу-маржандарын әлем жұртшылығына танытып, әлемдік мәдениет пен этнопедагогиканың қатарынан орын алуына күш салуымыз елдігіміздің басты белгісі екендігін назарда ұстанған жөн деп білеміз.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқытындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген [4].

Көркемдік білім берудің мәселелерін түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, көркемдік білім беруде өзіндік іс-әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек. Қазіргі көркемдік білім беруде – педагогикалық қызмет қандай оқытушы-мұғалімдерді талап етеді. Профессор-оқытушы және мұғалім – студенттермен оқушылардың жеке тұлғасын же, тілдіруге бағыт беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық үрдістерді басқара алатын, көркемдік білім беруде ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, жаңа технологияны қолдану арқылы оқыту өнерін терең меңгерген жан-жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді.

Білім мен іскерліктің сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында оқытушы және мұғалімдер нәтижелерге жету үшін, шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдыларының нәтижесін мәселенің шешімін таба алатын, ақпараттық-коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық-дамытушылық функцияны атқаруын талап етіледі. Қазіргі заманауи кезең де профессор-оқытушы және мұғалімдер осы құзыреттілікті меңгере отырып тек жәй шеберлігін шындауды қамтамасыз ету ғана емес, үнемі оқып-үйрену және өзін-өзі жетілдіріп іске асыру мүмкіндігін талап етуді қарастыру керек.

Осыған байланысты көркемдік білім беру қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір профессор-оқытушы және мұғалімдер қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса сапалы да саналы түрде көркемдік білім беру профессор-оқытушы және мұғалімдердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы көркемдік білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал заманауи әлемдік білім кеңестігіне енетін, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін профессор-оқытушы және мұғалімдердің құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі.

Қорта айтқанда, студенттер мен оқушыларға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан-жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірде қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады.

1 ҚР Президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 14 желтоқсан 2012.

2 ҚР «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007. – 12 б.

3 Омарбеков Е.Е. Ақпараттық телекоммуникациялық оқыту технологияларын пайдалану ерекшеліктері // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. - 2005. - №4. - Б. 182-189.

4 Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. – Астана, 2010.

Резюме

В данной статье рассматриваются основные подходы взаимосвязи компетенции и компетентности в профессионализме педагога и умений коммуникабельности в области умений общения и педагогической техники и уровень эффективности профессионального (педагогического) общения педагога.

Summary

This article defines the basic approaches the relationship of competence and expertise in the skill of the teacher. Improving the skills of interpersonal skills in communication skills and teaching techniques and professional level of performance (teaching) of communication of the future teacher.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨРКЕНИЕТ КӨРМЕСІНДЕГІ ЖАҢА КЕЛБЕТІ

Ш.Ә. Ақбаева – Абай атындағы ҚазҰПУ, М жс PhD Д институтының
«Қазақстан тарихы мен мәдениеті» кафедрасының доценті, п.ғ.к.,
Р.С. Бакаев – Абай атындағы ҚазҰПУ,
«Академиялық сурет және АПОӘ» кафедрасының аға оқытушысы

Мақалада автор қазіргі Қазақстан бейнелеу өнерінің әлемдік мәдениет пен өркениет көрмесіндегі жаңа келбетін, Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнерінің дамуын, мәні мен маңызын ашып, халықтың дәстүрлі өнері тудырған табиғи көркемдік заңдылықтарды да, әлемдік мәдениет мұраларын зерделеудегі қазіргі заманның жаңаша да өзгеше міндеттері мен талаптарын терең талдау жасап сипаттап көрсетті. Сонымен қатар автор қазіргі кездердегі танымал Қазақстан кәсіби суретшілерінің туындыларындағы айшық белгілер, ешкімге ұқсамайтын өзіндік төл мәдениетіміз бен өнеріміздің дамуы мемлекеттің бір тұтқасы ретінде мәселені қарастырады.

Түйін сөздер: мәдениет, мәдени мұра, өркениет, даму, зерде, көрме, дәстүр, туынды, сурет, өнер

«Адам да жан-жануарлар сияқты жетілмеген.

Адамның мәні-мәдениет... Адамзат биологиясы адамның мінез-құлқын «ойдағыдай» етіп шығаруға келгенде қауқарсыз. Осындай кем-кетік мәдениет құндылықтарымен толықтырылады. Адам индивидуум мен ұрпақ шеңберінің аясында ғана қалып қоймайтын құндылықтар мен мақсаттар құралының сыртынан көрініс табатын институт ойлап тапты.

Адамның биологиялық жағынан жетілмеуіне орай оны мәдениетті жасауға мәжбүр ететіндігі адамзаттың бір тосын қыры болып табылады, пайда болған мәдениет сол бойда адамзат биологиясын құндылыққа қарай жіктеуді бастайды». – деген Станислав Лемнің сөзі адамзаттың даму жолында мәдениеттің маңыздылығын көрсетеді [1].

Жаңа мыңжылдықтың басында Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Мәдениетті қолдау жылы» – деп жариялады. Бұл оқиғаны қазақ халқы үшін, жалпы республикамыздың болашақ тағдыры үшін тарихи бір кезең, мәдениетіміздің әлеуметтік салмағы мен бағыт-бағдарын пайымдайтын, қазіргі тіршілігімізге лайық, ұлттық рухымыздың беріктігі мен биіктігін зерделейтін, мәселеге қоғам болып та, тәуелсіз мемлекет болып та үңілетін мезгіл туды деп қарау керек [1, 38 б.].

Мәдениет бұрын да, бұдан кейін де бола бермек. Өйткені қазіргі өркениеттің көкжиегнен бірде-бір халықты, қоғамды, мемлекетті мәдениеттен тыс көзге елестету қиын. Адамзат баласының мыңдаған жылдық рухани сабақтастығының ең басты көрсеткіші – оның мәдениеті. Бірақ сол мәдениеттің қазіргі техника мен өркениеттің даму сатысымен өрлеу қандай дәрежеде, ұлттық рух пен қоғамның дамуында қаншалықты орын бар? Мәселе сонда.

Жиырма бірінші ғасыр табалдырығын аттаған бізге, қазақ ұлтына мәдени дамудың нәтижесін, оның кешегісі мен бүгінгісін тұтасымен бағамдау, оған жеке бір адамның, болмаса белгілі бір мекеменің, ұйымының ісі деп қарамай, баршамыздың кісілігіміз бен адамдық қасиетіміздің өлшемі деп қарау ауадай қажеттіліктен туып отыр.

Мәдениетті қолдаудың да, қорғаудың да қажеттігін бүкіл адамзат баласының тарихи жүріп өткен жолы, рухани дамудың нәтижесі айшықтап көрсетті. Себебі мәдениет жоқ жерде мәдениетсіздік, көргенсіздік пен қасиетсіздік белең алатынын дәлелдеп жату артық. Бұл орайда алдымен нені қолдау, нені қорғайтынымызды пайымдап алудың артықтығы жоқ. Себебі мәдениет дегеніміз ұғымның ауқымы тым кең, керек десеніз, оған рухани түсініктер ғана емес, адамзат жаратқан заттай айғақтар кіреді. Осыдан болар, мәдениетті материалдық (құрал-жабдық, үй-жай, киім-кешек, көлік т.б.) және рухани (таным-түсінік, әдет-ғұрып, тәрбие, өнеге, ғылым-білім, оқуағарту, саясат, этика, эстетика, әдебиет, өнер, дін, философия құқық т.б.) деп жіктеу орын алып келеді.

Асылы ұлттық мәдениеттің болмыс-бітімі ұлттық рухпен біте қайнасып жатқан құбылыс. Рухы күшті ұлттың мәдениеті де өзгеше. Мәдениеттің өзегі, оның өзіндік даму дәрежесінің көрсеткіші болып табылатын дәстүр мен жаңашылдық сипаты, сыр әсерге берілгіштігі де мұндай рухы күшті ұлттарының мәдениетінде тіршілікке лайық үйлесім тапқан.

Әрине мәдениеттің ауысуына, өзге халықтарға ықпал етуіне себептер көп. Мұнда халықтың саны, мемлекеттің қуаттылығы, экономиканың дамуы, ғылым мен техниканың өркендеуі сияқты жағдайлар бар.

Бірақ мұндай әсердің сипаты мен бағытын мемлекет өзі реттеп отыруына болады. Тіпті бұл қазіргі

заманның қажеттілігі. Әлемдік мәдениеттің мұхитында ескексіз қайықтай мақсатсыз жүзе беруінің аяғы мәдениеттілікке емес тексіздікке әкеліп соқтыруы даусыз.

Мәдениеттің жаратушысы да, тұтынушысы да адам болғандықтан оның озығымен тозығын пайымдап, елеп-екшеп отыру басты қажеттілік. Бұл әрбір қоғамның интеллектуалдық қабілетіне байланысты.

Қазіргі таңда еліміздің мәдениетіне тірек болатын оның даму жолында идеясының негізгі көзі болатын мәдени құндылықтарымызды сақтауда мемлекет тұрғысынан көптеген іс шаралар жүргізілуде [2,43 б.].

Қазақстан жерінеде 25 мыңнан астам тарихи, археологиялық және өрелі өнер туындылары сақталған. Еліміздің бірегей болып табылатын тарихи мәдени ескерткіштері – Түркістан қаласындағы Қожа Ахмед Йассауи кесенесі 2003 жылғы маусым айында ЮНЕСКО-ның Әлемдік мәдени мұралар тізіміне енді. Қазақстанда «Мәдени мұра» бағдарламасымен бірге «Тарихи-мәдени мұраларды сақтау және пайдалану туралы», «Мәдениет туралы», «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Қазақстан Республикасының заңдары қабылданып іске асырылды [4,3 б.].

В результате педагогического новшества и единства динамики осуществляется усвоение педагогическим сообществом инновационных технологий и эффективное использование их на практике научно - обоснованного обучения. Инновация в образовании по структуре является комплексной деятельностью. Конкретно: появление произведения, его усвоение, распространение новизны и внедрение в практику, создание педагогического новшества, а также его усвоение педагогическим объединением, внедрение в практику и использование. Инновационный процесс, начиная с открытия новшества и внедрения его в практику, продолжается до его реализации. К инновационным технологиям относятся: личностно-ориентированное, интеграционное, информационное, дистанционное, развивающее, модульное обучения. Среди них мы решили рассказать об интеграционной и информационной технологиях [2].

Интеграционная технология – процесс связи и интеграции наук. Интеграция мирового образовательного пространства – тенденция сближения мировой образовательной системы в целях создания единого образовательного пространства. Сегодня это в нашей стране характеризуется вхождением высших учебных заведений в Болонский процесс с переходом в кредитную систему обучения в мировом образовательном пространстве. Казахский национальный педагогический университет им.Абая с 2004 года перешел в кредитную систему обучения. В связи с переходом в кредитную систему обучения в названном университете по нескольким специальностям бакалавриата, магистратуры, докторантуры подготовлены государственные общеобязательные стандарты, типовые учебные планы и программы, учебно-методические комплексы, электронные учебники и внедрены в педагогический процесс. В университете по 38 специальностям готовятся магистранты. Интеграция схожа с понятием собирать, но собирать – это логический процесс перехода от индивидуального к общему, а интегрирование характеризуется появлением нового качества. Итак, интеграционная технология – это объединение содержания, нахождение центрального направления, обновление его в содержательном плане, значит она помогает найти общие основы сближения предметных знаний. Доказательством этому можно считать интегрирование в высшем учебном заведении методик изобразительного искусства и трудового обучения, и преподавание их в качестве дисциплины «Художественный труд». Технологию интеграционного обучения можно эффективно использовать и в преподавании других дисциплин, например, в обучении языка и литературы и др.

В связи с новой ролью информации в современном мире процесс информатизации общества является одним из важных направлений мирового научно-технического прогресса. Основная цель информатизации образования в Республике Казахстан на сегодняшний день – повышения качества национального образования путем создания единого образовательного информационного центра на основе применения мультимедийных технологий в качестве одного из современных информационных технологий.

Одной из сложных вопросов в педагогике высшей школы является оптимизация студентов в будущую специальность, развитие профессиональных навыков, об образовании сказано: «Главный критерий проведения реформы образования на должном уровне – достичь такого уровня подготовки специалистов, чтобы каждый гражданин нашей страны, получивший необходимые знания и навыки, был бы востребованным в любом государстве мира» [3]. В связи с целью соотнесения образовательной системы с передовым мировым новшеством обучения, перед высшими учебными заведениями стоит задача внесения проблем качественного изменения.

В начале XX века Ж.Аймауытов сказал: “Если ребенок, после окончания школы, на мир, на жизнь других и на свою жизнь будет смотреть умными сознательными глазами - это и есть конечная цель образования. Школа должна в этом направлении стать сильной основой совершенствования ребенка” [4]. Отсюда можно сделать вывод, что идея автора жизненна, значит, учитывая то, что сегодняшний школьник – завтрашний студент, необходимо обеспечить реализацию задач по направленности содержания высшего образования к общечеловеческим ценностям, по созданию образования на принципах личностно-ориентированного, результативно-творческого обучения.

Век информационной цивилизации требует перехода от компьютерной грамотности к информационной грамотности. В результате чего реализуется цель перехода к информационной культуре. Главная задача информатизации процесса обучения – формирование информационной культуры личности. Информационная культура – особое мышление, необходимость соответствия требованиям современного информационного общества. Главная задача информатизации процесса обучения – формирование информационной культуры личности.

Информационная культура – компьютерная грамотность, информационная коммуникативность, усвое-

ние диалогического режима, эффективная реализация поиска необходимой информации. Поэтому главной задачей образования в высшем образовании нынешнего времени является воспитание компетентной личности, конкурентоспособной, готовой усвоить национальную культуру, знания разного направления, в информационном пространстве ловко и быстро действующую, усвоившую новые информационные технологии.

Компетенция с этой точки зрения – способность эффективно решать проблемы и задачи, возникающие в ежедневной жизни человека. М.М. Чошанов, рассматривая компетенцию как взаимосвязь знаний, умений и навыков, предлагает следующую формулу: скорость применения знаний + целесообразность методов + критическое мышление [5].

Можно сделать заключение, **что информационная компетенция** – это способность применения возможностей информационно-коммуникативных технологий в решении проблем обучения, быта и задач профессионального направления. В связи с ускоренным развитием информационно-коммуникативных технологий использование термина «информационно-коммуникативная компетенция» является эффективным. Информационно-коммуникативная компетенция – способность человека решать любые проблемы и задачи, используя компьютер, информационные оборудования и телекоммуникации.

В заключении информатизации системы образования Республики Казахстан указано: основная цель информатизации всех уровней образования – система взглядов, определяющая задачи, пути, механизмы и направления.

Информационная технология обучения – комплекс производственных процессов в технологическом перечне, программно-техническое оборудование, математические и кибернетические способы, обеспечивающие сбор, хранение, переработку и перевозку информации на основе современной компьютерной техники.

Информатизация образования состоит из нескольких этапов:

I этап: всеобщее усвоение современных информационных технологий – открытие компьютерных классов, усвоение телекоммуникативных средств, интерактивной системы, базовых фактов, программно-оборудования путем специальной подготовки преподавателей и студентов.

II этап: активное внедрение современных информационных оборудования в традиционные предметы обучения, пересмотр содержания знаний, программное обеспечение, компьютерные курсы.

III этап: фундаментальная перестройка непрерывного образования, дистанционное обучение, изменение методологических основ обучения.

Студентам необходимо усвоить инновационные технологии: телеконференции, электронную почту, электронные учебники, мультимедийные системы. По системе кредитного обучения увеличивается индивидуальная, персональная, коллективная работы, меняется форма организации учебного процесса. Внедрение современных информационных технологий в учебный процесс кардинально меняет функции преподавателя, потому что он и исследователь, и программист, и организатор, и советник, также он не только принимает знания студентов, но и учит принимать персональное решение в разных жизненных ситуациях.

Эффективность внедрения информационных технологий в процесс обучения:

- Возможность проведения учебного процесс в зависимости от уровня подготовки, способности, своеобразных способностей, интересов и потребностей студентов;

- Склонность познавательных действий студентов к самостоятельности, поиску;
- Возможность повышения и совершенствования стремлений студентов к самообразованию;
- Усиление межпредметных связей в обучении, комплексное обучение явлений и событий;
- Повышение приспособленности процесса обучения, готовность применять их на практике;
- Возможность изменения форм и методов организации самостоятельных работ студентов.

Мультимедийную технологию рассматриваем как структурное подразделение информационной технологии.

Мультимедийные технологии – способы подготовки электронной документации с видео и аудиоэффектными, разнообразными мультипрограммными возможностями под управлением интерактивного программного оборудования.

Мультимедиа влияет на повышение роли инновационных решений и научных знаний как источника информационных новостей, рассматривает возможности роста технологий и создания новых интеллектуальных технологий. Мультимедиа как технология открывает пути для свободного интегрирования информационного общества к мировому культурному процессу, позитивно влияет на поиск различных впечатляющих форм и методов саморегулирования. Анализ исследований о мультимедийной технологии в педагогической науке позволил выделить общие правила:

- Усвоение студентами системы применения мультимедийных технологий;

- Знание студентами механизма реализации применения мультимедийных технологий;
- Знание методов совмещения традиционных и интерактивных методов;
- Умение самостоятельно выбирать мультимедийные технологии по характеру работы.

Учитывая эти возможности, в Казахском национальном педагогическом университете материальная база в достаточном объеме оборудована разнообразными информационными источниками, необходимой компьютерной техникой для обучения созданию электронных учебников, предусматривается широкое применение мультимедийных технологий в образовательном процессе. Итак, наша основная задача – усовершенствовать педагогическую систему, если быть точнее, для усиления профессиональной подготовки студентов университета по специальности «Информатика» планируется обеспечить учебными программами дисциплин по выбору, специальных курсов; дидактическими и методическими материалами, силлабусами, учебно-методическими комплексами, специальными учебными пособиями, позволяющими эффективно проводить занятия по созданию и применению электронных учебников. При создании электронных учебников учитывалось следующее:

- Формирование базовых знаний студентов по созданию и применению электронных учебников;
- Вариативность процесса обучения преподавателей созданию электронных учебников, касающихся разных информационных и телекоммуникационных технологий;
- Подготовка будущих учителей для оценки качества создаваемых и применяемых электронных учебных пособий.

Исследователь, читающий лекции студентам по специальности «Информатика», по своей научно-исследовательской работе, применяя мультимедийные технологии в совместной работе студентов и преподавателей, а также направляя студентов проводить самостоятельную поисковую работу, дипломную работу довел до создания электронных учебников. В самостоятельной работе студентов учитывалась главная особенность мультимедийных технологий – системы, направленной на ценности, а также соответствие образцов самостоятельных работ студентов в созданных электронных учебниках целям обучения и преподавания дисциплин в высшем учебном заведении.

Содержание создаваемых электронных учебников состоит из следующих разделов: введение, структура компьютера, рабочий стол, счетная доска, графический редактор paint, текстовый редактор Word, запись звуков, Media Player, Internet Explorer, Тест, Глоссарий, Фильм, Справочник. Конечно, электронные учебники в зависимости от уровня исполнения будут разной. Выполнение дипломных работ студентами является гипертекстовыми учебниками среднего уровня.

В связи с результатами выполненных заданий студентов с применением мультимедийных технологий необходимо контролировать обеспечение источниками получения дополнительных материалов. В получении источников информации по сравнению с другими информационными устройствами возможности мультимедийных технологий намного выше. Потому что студент при получении интерактивной информации, при управлении имеет возможность лично сам изменять ее, усваивать результаты, давать конкретные ответы программным вопросам, свободно их применять. Поэтому во всех высших учебных заведениях с каждым курсом в изучении всех дисциплин возникает необходимость применения мультимедийной технологии под непосредственным руководством преподавателя. Это в системе кредитного обучения требует выполнения совместных работ студента и преподавателя, разных видов самостоятельных работ, требующих творческого поиска, как рефераты, курсовая, дипломная работы, проекты научно-исследовательских работ (малая научная академия студентов университета) и т.д. Практическое применение мультимедийной технологии в учебном процессе дало возможность определить следующие уровни.

Первый уровень – подготовка к выполнению самостоятельных работ, повторение ранее изученного материала, усвоение новых знаний;

Второй уровень – формирование навыков применения усвоенных знаний при выполнении самостоятельных работ по мере необходимости;

Третий уровень – систематизация и подведение итогов полученных знаний при творческом выполнении самостоятельных работ.

Четвертый уровень – подготовка к творческой деятельности и получение результатов на основе собранного материала.

Руководствуясь этими уровнями, можно считать, что одним из видов применения информационных технологий в самостоятельной работе студентов является его портфолио. Оно охватывает систематизацию, сбор и оценку педагогических достижений. Портфолио в переводе с французского означает «пересказать», «делать заключение», «вести» также «страница», «сборник», «пакет достижений»; с итальянского языка – «папка документов», «папка специалиста». Портфолио в экономике знаний высшей школы является основным направлением, а педагог – один из тех, кто его реализует в жизни. Портфолио

студента – один из показателей качества знаний обучающегося, поэтому качественно выполненная самостоятельная работа показывает результативность обучения.

Дисциплина «Методика организации воспитательной работы в высшем учебном заведении» при подготовке специалистов ставит перед собой следующие задачи: применение информационно-коммуникативной технологии, интерактивной доски, аудио-видео материалов, повышение качества электронных учебников, в процессе их общественного развития формирование научных взглядов, пропаганда здорового образа жизни, в процессе обучения усвоение методов сбора и хранения информации в компьютерах, усвоение навыков планирования и организации научных исследований и умение перерабатывать материалы исследования. Актуальность научно-исследовательских работ студентов характеризуется направленностью к проблемам будущей профессии, умением видеть и делать научные открытия в свете требований общества, демонстрацией связи современной отечественной и зарубежной науки и практики. Студенты по результатам выполненных научно-исследовательских работ с применением информационно-коммуникативных технологий участвуют в республиканских и международных конференциях, делают доклады, публикуют свои статьи на страницах печати.

Итак, в высших учебных заведениях в повышении качества знаний, начиная с бакалавриата до послевузовского образования, применяются информационно-коммуникативные технологии; руководствуясь принципами системности, последовательности, реализуется работа по подготовке высококвалифицированных творческих специалистов, любящих свою специальность, усвоивших ключевые компетенции.

1 Заключение государственного стандарта высшего образования – Алматы, 1998 г.

2 Образование и наука Энциклопедический словарь – Астана, 2008 г.

3 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 442 стр.

4 Чошанов М.А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения.

5 Методическое пособие. - М.: Народное образование, 1996. - 160 с.

Түйін

Оқу үдерісіндегі ересектердің өзіндік бағалауын ғылыми зерттеулер нәтижесінде көрсеткен. Зерттеу жұмысы аппаратының ғылыми-санаттық анықтамасы берілген.

Summary

This article discusses the pedagogical features of self-esteem of adults in the learning process. We give the definition of scientific research problems categorical apparatus.

УДК:340/100

КОММУНИКАТИВНАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ

Б.А. Альмухамбетов – д.п.н., директор ИИК и С, КазНПУ им. Абая,

Т.К. Торошов – магистрант Ошского гуманитарно-педагогического института

Коммуникативность как направление появилась не сегодня и не вчера. Ее появление обусловлено жизненной необходимостью, т.е. если мы хотим научить человека общаться на неродном языке, то учить его этому нужно в условиях общения. С целью создания наглядного примера русскоязычного общения нами были созданы адаптированные для учащихся речевые ситуации. Речевые ситуации являются ключевым средством обучения коммуникативным методам. Элементы данного средства обучения (опоры, иллюстрации, карточки, задания в конвертах, музыка и др.) используются в разных сочетаниях между собой, образуя определенные способы обучения в рамках рассматриваемого метода.

Ключевые слова: коммуникативность, реч, язык, компетенция, диалог, лексика

Рассмотрим основные способы применения коммуникативного метода:

Во-первых, восприятие лексики, т.е. формирование лексических навыков говорения у учащихся путем использования моделей словосочетаний.

Во-вторых, усвоенный лексический материал следует использовать во фразах диалогического общения на 2-х языках для запоминания и закрепления порядка слов в предложении.

В-третьих, перевод диалогического текста с одного языка на другой проводится при помощи дидактического материала.

В-четвертых, в процессе обучения диалогическому общению по речевым ситуациям, когда учащиеся работают в парах или в коллективе, мы прибегаем к использованию функциональных опор.

В-пятых, импровизация, т.е. речетворчество учащихся. Обучающиеся составляют, собственные варианты диалога из школьной, общественной жизни.

В-шестых, работа с грамматическим материалом по моделям методом сопоставления.

В-седьмых, работа над монологическими текстами и стихотворениями по методу ИНСЕРТ (INSERT) – интерактивная система знаков для эффективного чтения и мышления.

Таким образом, вышеперечисленные коммуникативные и интерактивные направления в обучении неродному языку дают возможность усвоить русский язык в динамике развития, эмоционально и осознанно. Взаимоотношения обучающихся, в любом случае, являются предметом общения, на них (взаимоотношения) направлена их мысль, они (взаимоотношения) определяют характер деятельности, характер общения. Именно во взаимоотношениях реализуется потребность общающихся, вследствие чего она (потребность) становится мотивом их деятельности. Мотив к общению не может возникнуть, если нет взаимоотношений.

Цель общения также связана с взаимоотношениями: она заключается в решении задач, связанных с их урегулированием, изменением.

Результатом общения всегда являются измененные взаимоотношения.

Существуют и способы общения:

- а) перцептивный, когда ученики воспринимают друг друга зрительно, интуитивно;
- б) интерактивный, когда ученики взаимодействуют друг с другом;
- в) информационный, когда они обмениваются мыслями, интересами, чувствами.

Средствами, с помощью которых достигается цель общения в устной форме, служат говорение и аудирование плюс паралингвистика (жесты, мимика), пракселика (движение, позы).

Каждый из общающихся в результате воздействия друг на друга интерпретирует (истолковывает) получаемую информацию. Поэтому продуктом общения всегда является интерпретация информации.

В чем проявляется коммуникативность обучения?

Во-первых, в учете индивидуальности каждого учащегося. Во-вторых, коммуникативность проявляется в речевой направленности процесса обучения. Она заключается в том, что путь к практическому владению говорением как средством общения лежит через само практическое" использование языка, чем упражнение больше подобно реальному общению, тем оно эффективнее. Поэтому языковые упражнения типа «поставьте существительное в нужном падеже, глаголы в нужном времени» не должны допускаться. В-третьих, **коммуникативность** проявляется в функциональности обучения. Функциональность, прежде всего, определяет методику работы по усвоению лексической и грамматической стороны говорения. Она предполагает, что слова, как и грамматические формы усваиваются сразу в деятельности, на основе ее выполнения: учащиеся выполняют какую-либо речевую задачу, подтверждают мысль и в процессе этого усваивают необходимые слова или грамматические формы. В-четвертых, коммуникативность предполагает ситуативность обучения, она мотивирует высказывание, развивает качество речевого умения.

Таким образом, ситуативность – это соотнесенность любой фразы с взаимоотношениями общающихся, с контекстом их деятельности. В-пятых, коммуникативность означает постоянную новизну процесса обучения. Это новизна речевых ситуаций (смена предмета общения, условий общения и т.д.), это и новизна используемого материала (его информативность), это и новизна организации урока (его видов^ форм и разнообразие приемов работы).

Новизна – это постоянное комбинирование материала, которое, в конечном счете, исключает произвольное заучивание (диалогов, тестов, высказываний), наносящее огромный вред обучению общения, и обеспечивает продуктивность говорения. Учет индивидуальности каждого ученика – это значит, что учитель должен уметь учитывать индивидуальные особенности не в одной, а в трех его подструктурах: как индивида, как субъекта, и как личность.

Индивидуальная подструктура для учета и развития способностей в процессе общения.

Н.: а) воспользовавшись благоприятной ситуацией (прохождение темы «Спорт» или «Туризм – это здоровье»), сыграть на спортивных увлечениях, для того, чтобы вызвать интерес к предмету;

б) развивать недостающие способности.

Субъектная подструктура для вооружения каждого ученика рациональными именно для него приемами учения, способными в определенной мере компенсировать недостающие способности.

Н.: а) формировать учебные умения;

б) ликвидировать пробелы в усвоении материала при помощи дополнительных занятий.

Личностная подструктура для учета личностных особенностей учащихся с целью вызова коммуникативной мотивации.

Н.: а) регулярно использовать интересный, индивидуализированный материал;

б) научить работать в парах и группах со слабыми учащимися (наставничество).

Таким образом, нам, учителям, использующим коммуникативный метод, необходимо знать индивидуальные особенности каждого ученика.

Суть коммуникативного метода обучения в том, что в ходе совместной деятельности один постоянно регулирует поведение другого с помощью речи. Далее приводятся следующие параметры совместной учебной деятельности:

- ♦ мотивы, обеспечивающие включение в деятельность;
- ♦ цели, которые ставит ученик;
- ♦ эмоции и т.д.

При обучении русскому языку необходимо учитывать следующие типы отношений:

1. **отрицательное отношение** – типичные мотивирования отказов у этих детей: «партнер будет только мешать в работе, отвлекать», работа будет хуже, а сами дети хуже запомнят материал. Поэтому они открыто проявляют недовольство тем, что вынуждены подчиниться нажиму учителя и участвовать в бесполезной, по их мнению, работе;

2. **безразличное или нейтральное отношение** – характерно для учеников, привыкших беспрекословно выполнять распоряжения учителя. Ни особенности данного способа работы, ни получаемый результат их обычно не интересует. На вопрос: «Ты хочешь работать вместе с другими? Тебе нравится работать?» Ответ: «Не знаю» либо просто «Да»;

3. **положительное, нерасчлененное, аморфное отношение** – для учеников связано с новизной этих форм работы, их необычностью. Их содержательное взаимодействие в группе не интересует. Им так работать интересней, легче: «если не знаешь, друг подскажет»;

4. **положительное, осознанное, основанное на предыдущем опыте отношение школьников к своей учебной деятельности** ~ ученики знают, что возможны разделение труда, взаимопроверка и самооценивание, они серьезно ищут основания для совместной работы и начинают искать свои подходы, ставить и достигать цели;

5. **положительное, личностное, действенное отношение** – школьники ищут реальных путей делового взаимодействия друг с другом, оценивают свои и чужие действия, именно их вкладывают в общий результат. Радость дети испытывают от того, что им удалось согласовать свои действия, мотив сотрудничества на лицо.

1 Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению – М.: Просвещение, 1991 г.

2 Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению. – М.: Русский язык, 1989 г.

3 Рамзина Т.А., Полидова М.А. Коммуникативные упражнения. – М.: Русский язык, 1989 г.

4 Леонтович О.А. Введение в межкультурную коммуникацию. – М., 1981 г.

Түйін

Мақалада педагогтың құзырлығының кәсіби педагогикалық құзырлығына негізделу барысы жөнінде айтылған.

Summary

This article defines the basic approaches the relationship of competence and expertise in the skill of the teacher. Improving the skills of interpersonal skills in communication skills and teaching techniques and professional level of performance (teaching) of communication of the future teacher.

ӘОЖ 612.766.1: 796 (078.8)

БЕЛСЕНДІ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС, ЗОР ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Р.Ж. Нарибай – б.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ,

Ж.Шынықұлов – студент, Абай атындағы ҚазҰПУ

Ежелден, қозғалыстың жоқтығы жұмыскерлік қабылеттің төмендеуіне, салмақтың артуына, түрлі дерттің туындауына әкеп соғатыны, керісінше жеткілікті дене белсенділігі күшті және төзімді адамдардың қалыптасуына ықпал ететіні белгілі болған. Қимыл-қозғалыстың тапшылығынан жүйкеге, жүрекке айтарлықтай күш түсіп, қан айналымы нашарлап, жүрек қан тамырларының ауруы байқалады, тіндердің оттегімен қоректенуі нашарлайды.

Суасты жүзгіштеріне (моряктар) жүргізілген зерттеулер, теңіз астындағы 1,5 айдан соң, олардың тұлға және аяқ бұлшық еттерінің күші 20-40%-ға, ал 4 айлық уақыттан кейін – 40-50%-ға төмендеп кеткенін көрсеткен.

7-8 күн қозғалыссыз жатқан адамдарда, сұлықсыздық (апатия), жаңылып қалушылық, ойын тиянақтай алмау, ұйқының бұзылуы, бұлшық ет күшінің күрт төмендеуі, күрделі ғана емес қарапайым қимылдардың өзінде де координацияның нашарлауы, бұлшық еттер жиырылғыштығының кемеюі, ет ақуыздарының физикалық-химиялық қасиетінің өзгеруі, сүйек ұлпаларында кальций құрамының азаюы сияқты функциональдық өзгерістер білінген.

Мақалада жаңа технологияның қарыштап дамуы адамның өміріне, денсаулық тұрғысынан қарағанда кері әсерін тигізіп отырғаны және тиімді жүктемелі қимыл-қозғалыс арқылы оның орнын толықтыру қарастырылған.

Түйін сөздер – қозғалыс тапшылығы, денсаулық, дене жаттығуы, қайта қалпына келтіру

Соңғы жарты миллион жылдан бері адамзат өз генетикалық құрылымының өзгерісінсіз дамып келе жатыр. Өте ертедегі ата-бабаларымыздың өмір сүрген жағдайы кейінгі ұрпақтарымен салыстырғанда тіршілік етуін қамтамасыздандыратын әртүрлі қозғалыстарға қойылатын талаптар жағынан айырмашалығы орасан зор. Ертедегі адамдарға қажетті қол күшімен атқарылатын дене еңбегі, тіпті біршама қимыл-қозғалыстар, қазіргі заманауи адамдарға керек болмай қалды. Біз өмір сүру талабымызға сай өте аз дене күшін жұмсайтын болдық. Бірақ-та, адам генінде сан мыңдаған жылдар бойы қалыптасып бекітілген қозғалыс белсенділігінің нормасы, ол үшін анахронизм болған емес [1].

Ерте заманнан-ақ жеткілікті дене белсенділігі күшті және төзімді адамдардың қалыптасуына ықпал ететіні, ал қозғалыстың жоқтығы жұмыскерлік қабылеттің төмендеуіне, семіздік пен ауруға әкеп соғатыны белгілі болған [1, 2].

Шындығында, қазіргі жақандану кезінде біздің қоғамымыздың даму үрдісіндегі жандану, ел өмірінің барлық әлеуметтік жақтарын жаңарту, жақсарту жайындағы көптеген мәселелер күрделеніп отырғаны белгілі. Сол сияқты нарықтық қатынасқа көшу мен экономикалық реформалау жаңа технологияның қарыштап дамуы адамның өміріне, денсаулық тұрғысынан қарағанда кері әсерін тигізуде. Мысалы, прогрестік жетістіктер, (компьютер, автокөлік, ұялы сымтетік т.б.) адамдарды күнделікті қозғалыс пен ауыр жұмыстан көбірек босатқан сайын, соғұрлым қозғалыс белсенділігінің орнын толтырудың тәуелділігі артып отыр.

Дене қозғалысының азаюы көптеген мүшелер мен жүйелердің вегетативтік қызметіне проприорецептивтік жұмысының төмендеуіне алып келеді. Бұлшық еттің жиырылуы, ұзақ уақытты белсенділіктің төмендеуі, буындардың қимылдық көлемінің шектелуі осының айғағы. Қимыл-қозғалыстың тапшылығынан жүйкеге, жүрекке айтарлықтай күш түседі. Мәселен, қан айналымы әлсіреп, жүрек қан тамырларының ауруы байқалады, тіндердің оттегімен қоректенуі нашарлайды. Жүректің ишемиялық ауруларында миокардтағы қан айналымының бұзылуы себебінен қажетті мөлшерде оттегі және қоректік заттардың жеткізілуі кемиді [3].

Соңғы кезде демографиялық келеңсіз құбылыстармен (бала туылудың кемуі, өмір сүрудің қысқаруы) бірге физиологиялық пісіп-жетілмеу бұл дене сапалары мен дағдылардың қалыпты дамымауы, семіздік, жақыннан көргіштік, омыртқа жотасының қисаюы, жалпақ табандылық т.б. аурулардың көптеп пайда болғандығы және кездесіп жүргендігі баршамазға белгілі. Бұл құбылыстар адам өмірінің соңына дейін теріс із қалдыруы мүмкін.

Олар жасөспірімдік кезеңде жыныстық дамуды тежеп, дене және ақыл-ойдың жұмыс қабілетін төмендетіп, ерте қартаюға әкеп соғады. Физиологиялық пісіп-жетілмеуді болдырмау және оның алдын алудың ең тиімдісі қозғалыс белсенділігін арттыру. Дене тәрбиесімен және спортпен айналысу тек денсаулықты нығайтып жұмыскерлік қабілетті жоғарылатып қана қоймай, әсіресе жасөспірімдердің темекі, есірткі, ішімдік т.б. заттардан аулақ болуына септігі өте зор.

Адам ағзасының қалыпты тіршілігі қамтамасыз етілуі үшін әруақытта бұлшық еттердің белсенділігі өте қажет. Бұлшықет аппаратының жұмысы бас миының дамуына және де орталықаралық, талдағышаралық қарым-қатынастың үзіліссіз жүруіне септігі мол. Жеткілікті қозғалыстың болуы энергия өндірілуін, жылудың пайда болуын жоғарылатып, тыныс, жүрек-тамыр тіпті барлық жүйелердің қызметтік жағдайларын жақсартады.

Кейбір жануарлар қозғалыстың жоғалуын өте қиындықпен бастан кешіреді. Мысалы, тәжірибелік тышқандарды бір ай бойы *акинезия* жағдайында ұстағанда, олардың 60%-ы, ал гипокинезия жағдайында 80%-ы тіршілігін жалғастырған. Тар торда қозғалыссыз өсірген балапанды далаға босатып жібергенде ауладағы азғана жүгірістің өзінен өліп қалған.

Адамдар да қимыл-қозғалыстың төмендеуін ауыр сезінеді. Суасты жүзгіштеріне (моряктар) жүргізілген зерттеулер, теңіз астындағы 1,5 айдан соң, олардың тұлға және аяқ бұлшық еттерінің күші 20-40%-ға, ал 4 айлық уақыттан кейін – 40-50%-ға төмендеп кеткенін көрсеткен. Бұдан да басқа теріс өзгерістер байқалған [4].

Қозғалыссыз 7-8 күн жатқаннан кейін-ақ адамдарда функциональдық өзгерістер: сұлықсыздық (апатия), жаңылып қалушылық, ойын тиянақтай алмау, ұйқының бұзылуы; бұлшық ет күшінің күрт төмендеуі, күрделі ғана емес қарапайым қимылдардың өзінде де координацияның нашарлауы, бұлшық еттердің жиырылғыштығының кемеюі, ет ақуыздарының физикалық-химиялық қасиетінің өзгеруі, сүйек ұлпаларында кальций құрамының азаюы білінеді [4].

Дүние жүзі халықтарының сексен бес пайызы барлық тұрмыстық-коммуналдық жағдайлары жеткілікті өмір сүруде.

Күнделікті дене жүктемелерінің жоқтығынан адам қажиды да, оның кез келген мүшелерінде ауру козады. Мысалға, қатерлі өскіндерді қояндардың денесіне еккенде ауыр жұмыс істеуге жаттыққан қояндарда қатерлі өскін баяу дамыған да, ал жаттықпаған күші жоқ қояндарда жылдам дамидыны белгілі болған. Денеге түсетін жүктемелер көлемі азайғанда ішкі мүшелердің, жүйелердің қызметі де баяулап, қоздырғыштарға қарсы күресі нашарлайды, ауру туындайды.

Көптеген зерттеуші ғалымдар, дене жүктемелерінің азаюынан жүрек-тамыр ауруларының этиологиясында семіздік пен тірек-қимыл аппаратының бұзылуы едәуір орын алатынын дәлелдеген. Жүректің ишемиялық ауруларында миокард қан айналымының бұзылуы себебінен қажетті мөлшерде оттегі және қоректік заттардың жеткізілуі кемиді. Миокард инфаркті - өте қауіпті кең таралған жүрек ауруы. Ел ішіндегі екі өлімнің негізгі себебі миокард инфаркты және мидағы қан айналымының бұзылуы болып табылады [5].

Дене белсенділігі жоғары адамдарда бұл аурулар жоққа тән. Осы бағытта көптеген зертеулер жүргізілген және де жүргізілуде. Авторлардың басым көпшілігі жүрек-тамыр жүйесі ауруларынан қайтыс болатындардың саны, дене белсенділігінің төмен адамдарда 2 немесе 3 есе жиі кездесетіндігіне тоқталған [5]. Белсенді қозғалыс режимдерін ұстанған адамдар бірінші инфаркттен кейін өмір сүре алады. Бұл жерде өмір сүру кезеңдеріндегі әр уақытта дене қозғалысының белсенділігі өте қажет екенін атап айтқан жөн және де балалық жасөспірімдік кезеңдеріндегі жүрек-тамыр жүйесіндегі ауытқулар жойылып кетеді.

Екінші қауіпті фактор липидтер алмасуының бұзылуына байланысты – дене салмағының артуы. Толық адамдар қанындағы сары суда холестерол мен триглицеридтер мөлшерінің жоғарылауын болдырмауға бірден-бір себеп. Салмақ артуының басты себебі бұлшық ет жұмысы кезіндегі шығындалған энергия мен тағамға келіп түскен энергия пропорциясының әртүрлілігі. Қазіргі кездегі постулаттанған липопротеидтің жоғары тығыздығының (ЛПЖТ) антиатерогендік функциясын есепке ала отырып, жоғарыда келтірілген фактілер, қан сарысуындағы липидтер тасымалдануының нашарлауы және атеросклероздың пайда болуы, тамақтану режимінің бұзылуы мен дене жүктемелері төмендеуінің бірлесуінен деп қорытындылайды.

Дене жүктемелерін түсіру арқылы түрлі жаттығулармен айналысқанда ағзаның оттегімен жабдықтауы артады. Нәтижесінде ағзаның барлық мүшелерінің өміршендігі артады, тері жақсарады, адам ағзасы жаңарады, денсаулығы жақсарады. Бұлшықеттер шынығады, жақсы демалады, қатайды, буындардың созылғыштығы артады. Нәтижесінде сымбатты да ширақ дене мүсіні, жеңіл де әдемі жүріс, жақсы көңіл-күй пайда болады. Дене жүктемесі арқылы тамаққа деген тәбетті де реттеуге болады. Мұндай жаттығулар адамның өмірлік күшін арттырады, адам тез шаршамайтын, қайратты да, қажырлы болады, шыдамдылығы артады. Дене тәрбиесімен айналысатын адамдардың ұйқысы да жақсы болады, терең ұйықтайды, ұйқысы қанық болады, ал мұндай адамдар нәтижелі еңбек ете алады, демек, жұмысы да өнімді, кәсіптік мүмкіндігі де мол болмақ [6].

Жүйелі түрде дене жүктемелерін түсіру арқылы шынықтырумен айналысу вегетативтік жүйелер қызметінің деңгейін едәуір жақсартады, өйткені: 1) ағзаның функциональды мүмкіндіктерін, оның басты жүйелерінің жұмысын максималды ұлғайтады; 2) адам ағзасының тұтастай алғандағы тыныс-тіршілігінің үнемділігін, тиімділігін арттырады.

Жүйелі дене жүктемелері кепілді түрде адам өмірін ұзартады деп мәлімдеуге болмайды, бірақ шыныққан, белсенді өмір салтын ұстанатын адамдар аз қозғалатындарға қарағанда тең жағдайда артық та сапалы өмір сүретіні анық. Тұрақты түрде жаттығатын, шыныққан, салауатты өмір салтын ұстанатын адамдар көбіне өзінің паспорттағы жасынан да жас болып көрінетіні, олардың биологиялық жасы аз болатыны, өзге қатарларымен салыстырғанда 10-20 жыл жас көрінетіні жасырын емес. Өйткені тұрақты да тиімді дене жүктемесі, қимыл-қозғалыс ағзаның энергетикалық потенциалын арттырады, физиологиялық бейімделу резервтерін жоғарылатады [7].

Денсаулық – тек бір ғана адамның емес, ол, барлық қоғамның бағасыз байлығы, қасиеті. Жақындарымен, дос-жарандарымен кездесіп, хош айтысқан сәттерде бірі-бірінен деннің саулығын сұрап білу және тілеу, бағалы да бақытты өмірдің ең алғы шарттары болып саналады. Денсаулық, бізге өміріміздегі ең негізгі алға қойған жоспарларымыз бен мақсаттарымыздың сәтті шешіліп, орындалуына, қиыншылықтарды жеңіп шығуға көмектеседі. Адамның өзі саналы сақтап және нығайтып отыратын мықты денсаулығы, оған ұзақ-та, белсенді, қуанышты ғұмыр сыйлайды.

Ғылыми деректерге сүйенсек, егер адам баласы барлық гигиеналық ережелер мен салауатты өмір салтын ұстанса, оның өмір сүруі 100 жыл тіпті одан да ұзақырақ болу мүмкіндігі бар екен [7].

Өкінішке орай, көптеген адамдар салауатты өмір салтының ғылыми негізделген қарапайым нормаларын орындамайды. Соның салдарынан әртүрлі қиыншылықтарға душар болып зардабын тартады.

Бір жағынан денсаулық дегеніміз – ағзаның өзін айнала қоршаған сыртқы орта факторларына бейімделуі, дамуы және қалыптасуы. Қазіргі таңда денсаулықты бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады.

1. Физикалық денсаулық – ағза жүйесі мен мүшелердің өсу деңгейі. Оның негізін морфологиялық және функциялық кезектер қалайды. Олар ағзаның бейімделу реакциясын қамтамасыз етеді.

2. Соматикалық денсаулық – ол адам ағзасы мен мүшелердің арасындағы биологиялық жағдайы. Оның негізін ағзаның жеке басы дамуының биологиялық бағдарламасы реттейді.

3. Психикалық денсаулық – ол адамның психикалық сферасының жағдайы. Ауруды болдырмау, адам өмірінің мақсатын болжау, мұның бәрі биологиялық және әлеуметтік қажеттіліктерден туындайды.

4. Рухани денсаулық – ол адамдардың ақпараттарды қабылдауға деген қабілеттілігі мен мотивациялық іс-әрекетінің арасындағы қарым-қатынастардың сипаттамасы мен сапасын көрсетеді. Оның негізгі бағалық жүйелері индивидтердің қоғамдағы орны мен оның мотивті түрде орнығуы. Ол адамның көңіл күйін анықтайды. Өйткені рухани денсаулық адамдардың жомарттылығын, сүйіспеншілігін, жан дүниесінің сұлулығын көрсетеді.

Көп адамдар қозғалыссыз тіршілігін денсаулығының нашарлығынан деп ақталады. Адамдар денеге күш түсіру, мысалы баспалдақпен көтерілу жүрекке зиян деп есептейді. Шындығында бәрі де керісінше, қозғалыстың жоғалуы денеге түсірілген жүктемеге қарағанда қауіптірек. Дене шынықтырумен айналысатын адамдардың тірек-қимыл аппаратына, ұлпаларына жасалған отадан кейінгі ауруханада емделу кезінде де жүрек қан тамырлары мен тыныс алу бұлшықет жүйелерінде биохимиялық көрсеткіштердің өзгерісі, веналық қан қысымының төмендеуі, микроциркуляцияның бұзылуы кездескен [8]. Дене шынықтырумен айналысатын адамдардың вегетативтік жүйелер қызметін қайта қалпына келтірудің реабилитациялық міндеттері мынадай:

- қызметтік жағдайын жоғарылату;
- ұлпалардағы зат алмасуын жақсарту;
- денсаулықты қайта қалпына келтіру;
- өндірістік және тұрмыстық жағдайларға бейімделу мүмкіндігін арттыру.

Денсаулықты қалпына келтіруді екі кезеңге бөліп көрсетуге болады:

кешенді жүйесінің бірінші кезеңінде, емдік гимнастика, сегментарлы массаж, жалпы вибрациялық массаж, вакуум массаж, амортизаторлық резинкалармен жаттығулар, жүріп 3-5 қабаттардың сатысына көтерілу, суда жүзу, ойындар, еңбек терапиясы, оттегі қоспалы витаминдер қабылдау әсіресе С мен В топтарының витаминдері өте қажет болып табылады.

Қайта қалпына келтірудің кешенді жүйесінің екінші кезеңінде гантельдермен жаттығулар, жүзу, велосипед, шаңғы тебу, тренажорларда жаттығу, контрасты душ, диетотерапия, фитотерапия (шөппен емдеу) витаминдер қабылдау ұсынылады [9, 10, 11].

Қорыта айтқанда тиімді қимыл-қозғалыстың мықты емші екенін есте сақтап, ұстанымға айналдырған жөн.

1 Гринченко М.В., Ефимова Т.Я. Сколько нужно двигаться. – М.: Знание, 1995, – №2. – С. 13.

2 Медведков В.Д., Медведкова Н.И. Роль физической активности в детоксикации детей // Тез. докл. межрегион. конф. – Пермь, 1996. – С. 23.

3 Очанов Р.Г. Чтобы защитить сердце. – М., 1984, – 40 с.

4 Загрядский В.П., Сулимо-Самуйло З.К. Физические нагрузки современного человека. – Л., 1982. – 92 с.

5 Амосов Н.М., Муравов И.В. Сердце и физические упражнения. – М., – 2005. – 64 с.

6 Медведков В.Д., Медведкова Н.И. Роль физических упражнений в оздоровлении дыхательной и кровеносной систем. // Актуальные проблемы физической культуры: Мат. регион. научно-практ. конф. – Ростов-на-Дону, 1995, Т.5. – С. 117-121.

7 Амосов Н.М. Преодоление старости. – М., 1996. – 190 с.

8 Орешкин Ю.А. К здоровью через физкультуру. – М.: Медицина, 1990. – С. 26-27.

9 Медведков В.Д. Элиминационная физическая культура – новое научное направление и реабилитационное средство. Мат. 2 научно-метод. конф. кафедр гуманитарных и социально-экономических дисциплин. – Пермь, 1994. – С. 151-152.

10 Озолин Н.Г. Современная система тренировки. – М.: ФиС, 1970. – 477 с.

11 Штюрмер Ю.А. (ред.). Роль и задачи спортивно-массового туризма в физическом воспитании и оздоровлении населения // Сб. науч. труд. – М., 1990. – 170 с.

Резюме

Издревле известно, что отсутствие активных движений способствуют понижению работоспособности, увеличению веса (массы) тела, способствуют возникновению различных заболеваний, и наоборот, активная деятельность активизируют силовые и выносливые качества человека.

Summary

Anciently known that the lack of active movements help to lower activities work weight gain (body weight), contribute of various diseases and vice versa activism activate power and endures qualities of a person.

ТҮЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ БІЛІМ БІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Б.Б. Жақыпақынов – а.ғ.д., доцент, *І.Жансүгіров атындағы ЖМУ,*

Қ.Ә. Құлатаев – аға оқытушы, подполковник,

БӘД теориясы мен әдістемесі кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Мақалада Тұлғалық-бағдарлы білім беру технологиясының аксиологиялық мәні ашылып, оның педагогикалық теориядағы орны мен тәжірибедегі әдіснамасы қарастырылады. Аталмыш технология оқушыларға өзін-өзі тану, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі басқару, өзін-өзі актуализациялау, өзін-өзі кемелдендіру үдерісінің практикалық тетіктерін меңгеруге мүмкіндік береді. Тұлғалық-бағдарлы білім беру технологиясы оқушыларға өзін-өзі тану, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі басқару, өзін-өзі актуализациялау, өзін-өзі кемелдендіру үдерісінің практикалық тетіктерін меңгеруге мүмкіндік береді. Сондықтан бұл технология барынша қолданбалы болып саналады, яғни тәлімгерлердің бойындағы теориялық білімдерді ғана шыңдап қоймай, өмірлік тәжірибелік іскерліктер мен дағдыларды да қалыптастыруға арналған.

Түйін сөздер: тұлғалық-бағдарлы білім беру технологиясы, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі паш ету, ынтымақтастық педагогикасы, рефлексия

*XXI ғасыр педагогикасының міндеті – Ғалам тұңғызынан
Жаратушыны іздеу емес, адамның өне бойынан құдіретті бастауларды ояту.*

А.П. Сейтешев

Тұлғалық-бағдарлы білім беру технологиясы педагогикалық теория мен тәжірибенің әдіснамасын түбірімен өзгертеді. Ол білім беру үдерісін тұлғалық-мәндік деңгейге көтереді. Оқушының мәндік деңгейінің дамуына қолдау көрсету педагогтан ерекше маңызды менталдық жігерді талап етеді. Өйткені педагог тарапынан берілген түсінік оқушы үшін *дұрыс* бола бермейді, өз тәжірибесінде жасалмаған дүние меңгерілмейді, өмірлік тәжірибеде басынан өткерілмеген нәрсе *маңызды* бола алмайды, оқушының абыройын көрсетпейтін нәрсе *пайдалы* болмайды. Осыған орай, педагогикалық ықпал етудің тәсілін таңдау кезінде тәжірибені дамытуға, тәлім алушылармен бірлесе отырып, оны жаңартуға деген талпыныс маңызды болып табылады.

Тұлғалық-бағдарлы субъектілік негізі бар диалогтық педагогиканың қағидалары бойынша оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға деген әдістемелік бағыттар олардың бойында өз-өзіне сенімділік, өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытудың дағдылары, басқа адамдармен үйлесімді қарым-қатынас орнату қабілеті және табиғатқа құндылық тұрғыдан қатынас жасау сияқты өмірлік маңызды құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін қолайлы жағдай туғызуға бағытталған.

Аталмыш педагогиканың қағидасы бойынша жүргізілген сабақ педагогикалық әдістер мен тәсілдердің бай қоржынын қалыптастыра отырып, тәрбие үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз етеді. Адами құндылықтар әрбір жасқа тән дүниетаным арқылы меңгерілетіні белгілі. Өзінді, басқа адамдарды тану, қоршаған әлеммен өзара байланыс орнату, адам өмірінің жоғары мәні болып табылатын ақиқат пен махаббатқа қол жеткізу ресми түрде емес, азара сенім орнаған жағдайда ғана іске асады, ол кезде тәлімгерлер еркін ойлай алады, өз пікірлерін ортаға салып, өз дарындары мен қабілеттерін көрсетеді.

Оқытушының сұрақтары интерактивтік өзара әрекеттестікке, полилог қалыптастыруға түрткі болуы тиіс. Бір-біріне қарама-қарсы пікірлер тәлімгерлерге ақиқатты ұғынуға септігін тигізеді. Көптеген ұстанымдардың болатындығына көз жеткізген тәлімгерлер шынайы шешімді іздеуге тырысады.

Туындаған сұрақтарға жауап іздеу кезінде тәлімгерлер дұрыс ойлауға, сөйлеуге және шешім шығаруға үйренеді. Өйткені, мұндай экзистенциалдық терең диалог үшін ең басты нәрсе – жаңалықты ашу емес, диалогқа қатысушылардың тұлғалық өзіндік өзгеруі. Сондықтан тұлғалық-бағдарлы білім беру технологиясы тұлғалық даму мен оқушының адам болып қалыптасуын қамтамасыз ететін заманауи білім берудің өзіндік үлгісі бола алады.

Диалог бір-біріне қайшы келетін көзқарастарды анықтауға, белгілі бір мәселеде түрлі көзқарастар мен заңдылықтарды белгілеуге және мәселенің шешімін табудың мүмкін жолдарын анықтауға бағытталған. Қойылған сұрақтар тек рационалдық қана емес, сонымен бірге экзистенциалдық өлшемге ие.

Тұлғалық-бағдарлы білім беру технологиясының аксиологиялық мәнін ескере отырып, тұлғаның құндылықтарға қатысты қажеттіліктерінің жоғарылауы үшін жағдай туғызатын **ізденіс-бағалау-таңдау-жобалау** әрекеттерінің үйлесімділігіне қатысты ғалымдардың (Е.В.Бондаревская, А.Б. Кирьякова, Г.К. Нурғалиева) ұсыныстары назарға аламыз [1, 2, 3].

Бұл төмендегілерді қамтитын көп сатылы үдеріс:

1) әлемге, «әлем бейнесіне» деген адами қатынасты қалыптастыруға бағытталған қоғам құндылықтарын тұлғаның меңгеруі;

2) тәлімгерлердің өзіне құндылық тұрғыдан қарауы мен өзінің «Мен» бейнесін қалыптастыруға бағытталған құндылықтарды меңгерудің негізінде тұлғаның өзгеруі;

3) тәлімгерлердің болашаққа, «болашақтың бейнесіне» құндылық қатынасын қамтамасыз етуге негізделген тұлғаның өзін-өзі жобалауы немесе болжауы.

Е.В. Бондаревскаяның пікірінше, тұлғалық-бағдарлы бағыттың әдістемесі формаларды, әдіс пен тәсілдерді біріктіреді. Ол мынандай талаптарды қамтиды: диалогтық, әрекеттік-шығармашылық қасиет, тәлімгердің жеке дара дамуына қолдау көрсетуге құштарлық, оқушыларға өз бетінше шешім қабылдау үшін қажетті еркін кеңістік беру, білім алу мен мінез-құлықтың сәйкес мазмұны мен тәсілін таңдау [1].

А.Б. Кирьякова әзірлеген бағдарлану үдерісінің осы кеңістіктік-уақыттық үлгісі ақиқатты меңгерудің жастық ерекшеліктері мен тетіктерін түсінуге мүмкіндік береді: құндылықтарды меңгеру кіші мектеп жасында орын алады, олардың қалыптасуы – жасөспірім кезеңінде, ал жобалау – жастық кезеңде жүзеге асады. Құндылық тетіктері (ізденіс, бағалау, таңдау, жобалау) инвариантты болып табылады [2].

Тұлғалық-бағдарлы білім біру технологиясы тәлімгерлердің одан әрі өзін-өзі дамыту және өзін-өзі паш ету мақсатында өзі және қоршаған орта туралы білім алуларына бағдарланған шығармашылық іс-әрекеттерін жандандырады. Сабақ жүргізудің әдістемесі өмірде және үнемі өзгерістегі замануи әлемде өзін-өзі толықтай паш етуіне қажетті тұлғалық және әлеуметтік құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Аталған мақсатқа жету үшін мәселе шешу сияқты және интерактивті әдістер қолданылады. Олардың тиімділігі замануи психологиялық-педагогикалық ғылымда кеңінен дәлелденген.

Классикалық әдістермен қатар инновациялық әдістемелер де пайдаланылады: мәселені бірлесіп талқылау, пікірталас, жұптық және микротоптық жұмыстар, рөлдік ойындар, жағдайды саралау, түрлі шығармаларды зерделеу, берілген тақырыпқа зерттеу жүргізу.

Пән сабақтарында оқушылар пікір таластырып, ой-толғам жасайды, жобалайды, модельдейді, сурет салады, ән айтады махаббат сезімдерін білдіреді, кешіре білуге, мейірімді әрі шыдамды болуға үйренеді, дау-дамайларды шешуге дағдыланады, өздерінің «Менінің» жоғары мәнін түсінуге қол жеткізеді.

Тұлғалық-бағдарлы білім біру технологиясы ынтымақтастық және шығармашылық педагогикасы ретінде тәлімгерді қайталанбас және айырықша микроәлем, өмірді қабылдауда өзіндік бір өзгеше тәжірибесі бар жаратылыс ретінде қабылдайды. Бұл технология бойынша білім беру үдерісінің мақсаты – тәлімгер тұлғасын дамыту, оның мүмкіндіктерінің ашылуына, өзін-өзі толықтай паш етуге жағдай туғызу. Тұлғалық-бағдарлы білім беру жүйесіндегі тәлімгер – бұл өздігінен білім алу үдерісінің бастамашысы, өзге тәжірибені тасымалдаушы емес, өз тәжірибесінің жасампазы. Ол бірнеше жүзжылдықтар барысында жинақталған мәдени құндылықтарды бойына сіңіріп қана қоймай, құндылық жасаушы іс-әрекетке қабілетті. Тәлімгер тұлғасының дамуы, оның қайталанбас әлемінің бейнесінің қалыптасуы тек педагог іс-әрекетіне немесе алдын ала белгіленген нұсқаулар мен кеңестерге ғана байланысты емес, олар үздіксіз шығармашылық ізденіс, рефлексия, тұлғалық дамуға ұмтылыс, ішкі диалогтық болғанда ғана жүзеге асады.

Тұлғалық-бағдарлы білім біру технологиясы білім беру үдерісінің көпмақсаттылығынан, «жұмсақтығынан», жеке даралыққа негізделгендігінен бастау алады. Тәрбиеші де, тәлім алушы да оның қос авторы болып табылады. Тәрбиелеу мен оқыту адам рухының тереңіне бойлауға арналған шығармашылық әрекеттер ретінде түсіндіріледі. Бұл бағыт адамның жан дүниесіне сай болатын оның келбетін ашуға бағытталған, яғни тәрбиелеу мен оқыту тәлімгердің жеке мақсаттары мен ішкі ұстанымдарын негізге ала отырып жүзеге асады.

Тұлғалық-бағдарлы білім біру технологиясы әрбір адамның өзінің өмірдегі орны мен мәнін табуына, әлеуметтік жағымды құндылықтар жүйесін қалыптастыруына жағдай жасауды көздейді. Мұндай әдістемелік жүйе әрбір тәлімгердің білімдік-ағарушылық мүмкіндіктерін барынша кеңейтіп, оның жеке өмірінің түрлі қырларын ашады. Оның негізінде мәдени алуандықпен (этникалық, әлеуметтік-таптық, діни-конфессионалдық және т.б.) ұштасқан жас ерекшелік, жыныс, анатомиялық және психологиялық ерекшеліктер, табиғи қасиеттер мен қабілеттер, қажеттіліктер мен ниеттер, мотивтер мен қызығушылықтар жатады.

Оқу орнының тәрбие жүйесінде тұлғалық-бағдарлы білім біру технологиясының толықтай жүзеге асуы үшін төмендегілердің болуы шарт:

- тәлімгерлердің өзін-өзі дамытуына, өзін-өзі паш етуіне және өзін-өзі анықтауына ықпал ететін ағартушылық (білім беру) ортаның жасалуы;

- даму үстіндегі денсаулық сақтау инфрақұрылымы мен технологиясының болуы;

- тәлімгерлер мен педагогтардың тұлғааралық өзара қатынастары мәдениетінің үздіксіз даму жағдайында болуы;

- тәрбиелеу мен білім беру мәселесінде отбасы мен қоғамның тығыз өзара әрекеттесуі.

Тәлімгерлердің тұлғалық тәжірибесінің негізгі қайнар көзі білім беру ұйымының тарапынан жасалған стандартталған білім беру үдерісі екені белгілі, сонымен қатар өмірлік жағдайлардың кеңістігі ретіндегі оқу орны дамуға орасан зор ықпал ететін, гуманитарлық жобаларды еркін жүзеге асыратын ағартушы орта болып табылады.

Білім беру ұйымында барынша кең гуманистік ортаны қалыптастыру жағдайында ғана тәлімгерлер білім траекториясын саналы таңдауы мүмкін. Осындай жағдайда балалық және жастық кезеңдер адам болмысының дербес және өзіндік құнды сатыларына айналады [3].

Тұлғалық-бағдарлы білім біру технологиясы әрбір оқушының өмірлік жағдайларды өздігінен ұғынуына және қалауына сай қалыптастыруына, балалық, ересек, жастық кезеңдегі қайшылықтарды жеңе білуіне, өз күш-жігеріне сенуіне және ынтымақтастық жасай білуіне септігін тигізуге бағытталған. Тұлға дамуының нақты осы тетіктері оқушылардың таңдау еркіндігін, өз басындағы қиындықтардың шешімін табуын, яғни, өз өмірінің субъектісі болуының интегралдық құзыреттілігін қамтамасыз етеді.

Әрбір адамға жауапкершілігі мол жеке таңдау жасауды жүзеге асыру маңызды. Оның қалыптасуы оқытудың жеке дара траекториясын қолдану кезінде ойдағыдай жүзеге асады. Білім алушылар өздеріне айтарлықтай маңызды салаларда өздері үшін білімділік пен тәрбиелілікке қол жеткізудің мен-траекториясын анықтап алады.

Тұлғалық-бағдарлы білім біру технологиясы оқу-тәрбие үдерісіндегі педагогтың басым рөлін теріске шығарып, бұл үдерісті тең құқылы, тәрбиеленушіні өз дамуының жасампазына айналдыратын, субъект-субъект қатынасы негізінде ұйымдастыруға тырысады. Білім беру ашық әрі шығармашылық диалог ретінде қарастырылады. Осындай жағдайда адамның тұлғасы өзгеріске ұшырап, жемісін береді, себебі диалог тек рационалдық сипатқа ғана ие емес, сонымен қатар оған рефлексиялық терең қарым-қатынас тән [4].

Оқытушы мен оқушы тең құқылы субъектіге, педагогикалық үдерістің жасампаздарына айналған кезде олардың арасындағы қатынастар шынайы субъект-субъектілі сипатқа ие болады. Тәлімгер ұстаз алдындағы оқу және тәрбие мақсатына қол жеткізу құралынан оның педагогтың қолдауындағы «өзіндік дамудың білімдік мақсатына» айналады.

Оқытудың тұлғалық-бағдарлы үлгісі тек мына жағдайларда жүзеге асырылады:

- шынайы ынтымақтасу негізінде, яғни тәлімгермен қатынасты өзара әрекеттесу негізінде құрған кезде;

- өзінің көзқарасын тәлімгердің көзқарасымен үйлеструге ұмтылған кезде;
- тәлімгердің пікірін тыңдап, ести алғанда;
- әлемге оның көздерімен қарай білгенде.

Аталмыш технологиямен білім беру арнайы ұйымдастырылып, келесі үдерістерді қамтиды:

1) әлеммен эмоционалдық-құндылық қатынасқа негізделген адамзаттың әлеуметтік-мәдени тәжірибесін игеру;

2) рухани-адамгершілік салада нақты білімдік деңгейге қол жеткізуде, танымдық және тұлғалық мәселелерді шешуде тәлімгерлердің жеке тәжірибесін қалыптастыру;

3) тұлғаның жеке тәжірибесі мен мінез-құлығын байыту, әлеуметтік және жеке тәжірибенің өзара әрекеттестігі, әлеуметтік іс-әрекеттің көпқырлы түрлерінде тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін ашу;

4) адамгершілік заңы тұлғаның өз заңы бола алатындай тұлғалық автономияны дамыту;

5) адамгершілік таңдауда тұлғаның маңызды мәселелерді шешу тәжірибесін қалыптастыру.

Тұлғалық-бағдарлы білім біру технологиясы мынандай жалпы мақсаттарды алдына қояды:

а) әрбір тәлімгердің өзінің жан дүниесін сезінуіне және өзінің дербестігін түсінуіне ықпал ету;

ә) өмірлік маңызы бар мынандай түйінді құзіреттерді мақсатты түрде дамыту арқылы жеке тұлғаның жан-жақты қалыптасуына жағдай жасау:

- өзінің өмірлік позициясын анықтау;
- әр түрлі мәселелерді адамгершілік нормаларға сәйкес конструктивті шешу;
- өзіне, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасау;
- адамдарға қолдан келгенше көмек беру, туыстарына және жақындарына қамқорлық көрсету;
- өзімен өзі үндестікте өмір сүру; ойы, сөзі және ісі бір болып, әрекеттерде шынайы болу;
- жасампаздық белсенділікті, азаматтықты және отансүйгіштікті тану;
- адамгершілік тұрғысынан таңдау жүргізе алу және өз ойы, сөзі мен ісіне жауапты болу;
- қоғамға қызмет ету дағдыларын іс жүзінде дамыту.

Белгіленген жалпы мақсаттар күнделікті практикада келесі жолдармен жүзеге асырылуы мүмкін:

- жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауына және өзін барынша паш етуіне көмектесетін жасампаздық құндылықтарды үйретуге бағытталған біртұтас білім беру үдерісін құру;

- тәлімгерлердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тұлғаның рухани-адамгершілік әлеуетінің дамуына ықпал ететін ақпараттық білім беру кеңістігін құру;
- барлық оқу пәндері мазмұнының құндылық мәнін күшейту;
- қоғамға қызмет етуге бағытталған оқудан тыс және мектептен тыс тәрбие рөлін арттыру;
- мектеп пен отбасының әлеуметтік серіктестігін, ұстаздардың ата-аналар, қамқоршылар, тәрбиешілермен тығыз ынтымақтастығын дамыту арқылы жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуы үшін жағымды алғышарттар жасау.

А.И. Кочетов педагогикалық жағдаят пен педагогикалық қатынастардың маңызын ескере отырып, былай деп жазады: «Егер, ойша педагогикалық жағдаятты «жасушаға» теңестірсек, онда «молекула» - педагогикалық қатынас, ал «атом» – сол жағдаяттағы тәлімгерлердің іс-қимылы немесе ұстаздың әрекеті болып табылады» [5, 81 б.].

Білім беруді тұлғалық-бағдарлы білім біру технологиясы бойынша ұйымдастыруда келесі үдерістер жүйесі жүзеге асады:

- адамның қабілеттерін ашуға және оның физикалық, психикалық, рухани, әлеуметтік және шығармашылық әлеуеттерін үйлесімді дамытуға бағытталған білім берудің жалпы мақсатын анықтау;
- жалпыадамзаттық құндылықтарды түсінуді, өзін, өзгелерді және өмірді түсіну дағдыларын қалыптастыруды, шешім қабылдау барысындағы жағдаяттарды бағалауды, табиғаттың сақталуын және адамдардың жақсы тұрмысын қамтамасыз ететін адамгершілік таңдау жасай алу іскерлігін дамыту;
- айналасындағы адамдармен қарым-қатынастың адамгершілік, кәсіби аспектілерін ескере отырып, өзара әрекет ету іскерліктерін жетілдіру;
- өзін-өзі паш ету және қоғамға қызмет ету үшін, өз халқының және жалпы адамзаттың өркендеуі үшін рухани-адамгершілік құндылықтарды қолдана білу іскерліктерін дамыту;
- күнделікті тәжірибеде рухани-адамгершілік, кәсіби білімдер мен іскерліктерді қолдану.

Оқу пәндерінің базалық мазмұнының құрамын анықтау үшін негіздеме болатындар: адамзаттың рухани және әлеуметтік тәжірибесі, әлем мәдениеті, халықтар даналығы, ғылым. Жалпыадамзаттық құндылықтар туралы ұғымдар жүйесі мен олардың адам өміріндегі көрінісі оқу пәндерінің базалық мазмұнының құрылымдық элементтері болып табылады. Осылар арқылы өзін тану, өзгелерді тану, әлемді тану, адамзат тәжірибесін тану тұрғысында мазмұндық желілер анықталған.

Жеке тұлғаға бағдарланған білім беру келесі үдерістерді қарастырады:

- тәлімгерге құндылық тұрғысынан қарауды, оның қажеттіліктері, қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін барынша есепке алуды;
- тұлғаның өзін-өзі жетілдіруіне арналған жағымды жағдайлар тудыруды;
- дамыта оқытудың әдістері мен формаларының әр түрлілігін, пәннің мазмұнын адамгершілік таңдау жасау мен ойлануға арналған өмірлік мысалдармен және жағдаяттармен толықтыруды;
- тәлімгердің тұлғалық, рухани өсуінің ішкі динамикасына көңіл бөлуді;
- білім беру үдерісі субъектілерінің тілектестік диалогын ұйымдастыруды;
- оқу орны, отбасы, қауымдастықтардың өзара бірлесіп, тығыз байланыста әрекет етуін;
- білім мекемелерінде ізгілік, сүйіспеншілік, әділдік және өзара түсіністік атмосферасын құруды.

Адамгершілік құндылықтар әрбір жасқа лайықты әлемді қабылдау арқылы меңгеріледі. Адам өмірінің ең басты мәні тұрғысынан өзін, өзге адамдарды тану, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас жасау, ақиқат пен махаббатты түсіну тәлімгер ойлана алатын, өзінің пікірін жеткізе білетін, дарындары мен қабілеттерінің ашыла түсетін, формальды емес жағдайда өтеді.

Оқу сабақтарында ұстазбен ашық диалог жүргізіліп, әлеуметтік-рөлдік ойындар мен тренингтерде адамдардың өзара қарым-қатынас әлемі зерттеліп, өмірлік бақылаулар бойынша пікір алмасады, қоғамға қызмет етудің практикалық дағдылары дамытылады. Денсаулықты сақтауға, нығайтуға септігі тиетін әр түрлі стандартты емес сабақ түрлері: ойын-сабақтар, ойлану-сабақтары, пікір-сайыс сабақтары, театрландырылған сабақтар, шығармашылық сабақтар, конкурс-сабақтар, фантазия-сабақтар, концерт-сабақтар, экскурсия және т.б. сабақтар пайдаланылады.

Жеке тұлғаға бағдарлап білім беру бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың маңызды шарты – балалардың жас және психологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес эмоциялық жайлылықты қамтамасыз ететін денсаулық сақтау ортасын құру. Сабақта әрекет түрлерінің алмастырылуы оқуға жағымды мотивтерді қамтамасыз етеді.

Оқытудың әдістері мен нысандарының кең нұсқалылығын қамтамасыз ету мақсатында сабақтарды арнайы кабинеттерден тысқары (концерт залында, мектеп алаңдарында, табиғат аясында, өндіріш орынында, мұражайда, сурет галереясында, театрда және т.б.) орындарда ұйымдастыру қарастырылады.

Алған білімдерді күнделікті өмірде практикалық түрде қолдана білу және қоғамға қызмет етуге белсене қатысу өте маңызды. Интерактивтік әдістеме бойынша білім беру үдерісі әрбір қатысушының жеке тұлғалық ерекшеліктерін мойындау негізінде жүргізіледі.

Білімнің әрбір деңгейіне арналған бағдарламаға сәйкес оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, хрестоматиялар, арнайы дәптерлер, көрнекі-иллюстрациялық (үнтаспа, бейнетаспа т.с.с.) материалдардан құралатын оқу-әдістемелік кешен пайдаланылады.

Бұл технология оқытушының рөліне айрықша көңіл бөледі, сондықтан ол қазіргі оқыту мен тәрбиелеу әдістерін, психологиялық білімдерін, тәлімгерлердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық үдерісті дербес құра алу біліктілігін жетік меңгеруі тиіс. Ұстаз сабақта жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін, оның қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашуға көмектесетін оқытудың әртүрлі дәстүрлі, дәстүрлі емес түрлерін, интерактивті нысандары мен әдістерін қолданады [6].

Балаларға деген махаббат, әрбір баланың ерекшелігін құрметтеу, шыдамдылық, «ізгі ақыл» мен «жылы жүрек» – қоғамға қызмет етудің үлгісі болып табылатын педагогтың ең басты қасиеттері. Ұстаздың құндылыққа бағдарланған әрекеті тәлімгерлердің білім алуына, даналықты, адамзаттың мәдени жетістіктерін ұғынуына, өзара түсіністікті және қоғамның барлық мүшелерімен жағымды қарым-қатынас жасауды үйренуіне мүмкіндік береді.

Ұстаз әрбір тәлімгердің ерекшелігін ескере отырып, олардың қоршаған ортада өзінің жеке тұлғалық «Менін» жете түсінуіне көмектеседі. Ол – дайын білімдерді жеткізуші емес, жас ұрпақты өмірлік маңызды іскерліктер мен дағдыларды игеруге жетелейтін танымдық үдерістің жетекшісі. Ұстаз балалармен бірге пікір таластырады және ойланады, жаңалықтар ашады, таңданады және күмәнданады, бірлескен шығармашылықта қызығушылықпен өмірдің ақиқатына көз жеткізеді, сыныпта жағымды жағдай туғызады. Осының барлығы тәлімгерлердің күзиреттіліктерін дамытуға, күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін жағдай тудыруға ықпал етеді.

1 Бондаревская Е.В. Теория и практика личностно- ориентированного образования. - Ростов-на-Дону: Издательство Ростовского педагогического университета, 2000. -352 б.

2 Кирьякова А.В. Теория ориентации личности в мире ценностей (монография). - Оренбург, 1996. - 187 б.

3 Нургалиева Г.К. Психолого-педагогические основы системы ценностного ориентирования личности. - дис. д.п.н. – Алматы: КазПИ им. Абая, 1994.

4 Плигин А.А. Личностно-ориентированное образование: история и практика. Монография. – М., 2003.

5 Кочетов А.И. Как заниматься самовоспитанием. - Минск, Высшая школа, 1986.

6 Степанов Е.Н. Личностно-ориентированный подход в работе педагога: разработка и использование. - М.: ТЦ Сфера, 2003. – 128 б.

Резюме

Статья по доведению личностно-информационной технологии с открытой аксиологией, рассматривается ее педагогическая теория место и опыт методики. Вышесказанная технология дает возможность ключевому освоению самопознания учеников, самовоспитания, самоконтроля, самоактуализации, самосовершенствования практического процесса.

Summary

Article by bringing personal- information technology with open axiology considered her place pedagogical theory and methodology experience . The aforementioned technology enables the development of self- key disciples , self , self , self-actualization, self-improvement practice process.

ӘОЖ 378,14:796 (574)

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС ОЙЫНДАРЫН ӨТКІЗУ

Е.Е. Оспанқұлов – Абай атындағы ҚазҰПУ, магистр, оқытушы

Бұл мақалада бала тәрбиесіне қозғалыс ойындар қолданылып сурақтары қарастырады. Аталған мәселе қазіргі уақытта өте өзекті болып табылады. Осыларға байланысты жанжақты дене тәрбиесінің құралдары ұлттық спорт қозғалыс ойындарының негізгі орындарын алады.

Ойындарды тандап алу өтілетін сабақтың алдында тұрған педагогикалық міндеттерге байланысты. Сонымен бірге сабаққа енгізілетін басқа да (ойыннан бөлек) материалдың мазмұны мен өту әдістерін ескеру қажет. Оқушылардың шаршауынан және қалыптан тыс қозуынан сақ болу үшін жүгіруге немесе секіруге арналған жаттығу сабағына, мысалы, секіру және қарсылық көрсетуге арналған сабаққа ойындарды енгізуге болмайды; белгілі бір сабақта гимнастика немесе жеңіл атлетика бойынша жаңа материалды өткенде оны жаңа ойын үйренумен ұштастыруға болмайды.

Түйін сөздер: дене дайындығы, қимыл-қозғалыс ойындары, ұлттық ойындар

Қозғалыс ойындарын оқушылардың дене жаттығуларымен шұғылдану барысында алған шеберліктері мен дағдыларына сәйкес өткізуі керек. Басқа сабақтардың ішінде ойынның мақсатқа сәйкес мейлінше тиімді болуын белгілеу қажет. Мысалы, көп уақытты алмайтын таныс қозғалыс ойындарын бұлшық етке түсетін едәуір күшке байланысты жаттығулардың алдында «денені қыздырыну» түрінде пайдалануға болады. Осындай жаттығулардан кейін ғана жай тұрып ойнайтын ойындарды өткізу керек (мысалы: жүру, допты лақтырып беру). Жаттығулардың алдында ерекше назар аударуды талап ететін жалпы жүгірумен, секірумен немесе қарсылық көрсетумен өткізілетін ойындардың орындауға қиындық келтіретінін ескеру қажет. Сол өткізілетін сабақ жағдайында ойнауға кететін уақытты күні бұрын белгілеп қоюдың маңызы зор. Алайда сабақтың барысын, шұғылданушылардың мінез-құлқын және көңіл-күйін ескере отырып, кейде белгіленген уақыттың шегінен шығып кететін де кез болады. Бір ойын түрінен басқа ойын түріне ұйымдасқан түрде, уақытты өткізбей көшу керек. Сондай-ақ сабақтың жүйелілігін сақтау мақсатымен ойынның басталуы мен барысын дәл ұйымдасқан түрде жүргізу қажет. Ойынды үйренуді жаттығу мақсатында өткізген кезде оның қызықтылығын, ойнаушылардың еркін қимыл жасауын ескеріп отыру керек.

Сыныптарда өткен жылдағы сабақтардан таныс ойындарды өткізіп, сонан соң жаңа ойынды үйренуді бастау қажет. Ойындарды әрбір тоқсандағы сабақтардың мазмұнына енгізген жөн. Әрбір тоқсанда ойындарды ойнау бұдан бұрын өткен оқу материалын баянды етуге, бекітуге көмектеседі және бұдан кейінгі тоқсанға белгіленген жаттығуларды жақсы меңгеруге себепші болады. Маусым жағдайы да ескерілгені дұрыс. Бірінші және төртінші тоқсанда өткізу үшін кең орынды (алаң, аула) қажет ететін ойындарды белгілеу керек. Екінші және үшінші тоқсанға біршама шағын бөлме, зал ішінде ұйымдастыруға тура келетін ойындар, сондай-ақ далада өткізуге келетін және шаңғы, шана, конькимен өткізілетін ойындар лайық. Ойындармен бір тоқсанды екінші тоқсанның есебінен толтыруға болмайды.

Ойындарды іріктеп алу нақты қойылған педагогикалық міндетпен анықталады. Сондықтан оны өткізу үшін таңдап алынған әрбір ойынды жеткілікті түрде дәл бағалау қажет. Ойындарды сабақтың мақсатына сай іріктеп алу үшін мына мәселелерді ескерген жөн:

1. Ұжымның (топтың) ұйымдасып, бірлесіп әрекет жасауы үшін ойынға қатынасушылар бір топқа біріктіріле ме, жоқ па немесе ойынның мазмұны бойынша ойыншыларды топқа (командаға) бөлу көзде ме, жоқ па, соны ескеру керек.

2. Әрбір ойынның ережесі болады. Ереженің мазмұнын, санын және оны өткізудің күрделілік деңгейін ескерудің маңызы зор.

3. Ұжымдағы өзара қарым-қатынас түрлері: ойын жүргізушісіз өткізілетін және жүргізушімен өткізілетін ойындар болып бөлінеді. Егер командалық ойын болса, онда ойнаушылардың «қарсы жақпен» кездесуіне себеп бар ма, жоқ па немесе ойынға қатысушылар басқа командадағы ойынның барысын өзгертуге тікелей ықпал ете ала ма, жоқ па және «қарсы» команданың ойыншыларының әрекет етуін қиындата ала ма, мұны да есте ұстанған жөн.

4. Ойынның рөлі. Белгіленген ойынның әрбір қатынасушысына алуан түрлі ойын рөлін кезекпен орындауға беру қиындыққа соқтыра ма, жоқ па, барлық қатынасушылар үшін бірдей рөл атқаратын ойынды, шамамен алғанда, бірдей шарт қамтамасыз ете ме, жоқ па, мұны да ескеру керек.

5. Ойында кедергілерден өту шарттары. Егер топтық ойын болса, онда бұл ойында бастаушыға қарсы жекпе-жек сайысы орын ала ма, жоқ па немесе ойын жүргізушілерімен сайыс басқа ойыншылармен өзара қолдау және өзара көмек көрсету арқылы жүргізіле ме, жоқ па, командалық ойынның шарты қандай: өзінің командасы үшін күрес жекпе-жек сайыс ретінде немесе мүмкін, жекпе-жек сайысуды жолдастарының өзара қолдауы және өзара көмек көрсетуі арқылы өткізе ме, жоқ па, соны ескерту қажет болады.

6. Қатардағы ойыншылар үшін әдеттегі қимылдар. Тек топтық ойындарда ғана емес, сонымен бірге командаға бөлініп ойнайтын ойындарда да бұл әрекеттер әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы, қатысушылардың әрекеті шапшаңдыққа, ептілікке арналып, жақын қашықтыққа жүгіруіне байланысты өткізілетін ойындар; доппен, таяқпен және басқа заттармен ептілікке және шапшаңдыққа немесе секіру, қарсылық көрсету, күш көрсету арқылы кедергілерден өтуге байланысты қимылдар себепші болатын ойындар: ақырында, бағдарлауға және бақылағыштыққа жаттыға отырып, қатысушылардың алуан түрлі қозғалтқыш дағдыларын қолдануға тура келетін ойындар да болуы мүмкін.

7. Ойын тақырыбы тәрбие беру міндетіне сәйкес келетіндігін ескеру.

8. Ойындардың ерекшелік жақтары ойнаушылардың санына, жас ерекшелігіне, жынысына, денесінің жаттыққандығы мен ойынға даярлығына, денсаулық жағдайына, ойнаушылардың ынтасы мен ішкі талап-тілектеріне сәйкес келетіндігін ескеру.

9. Осы ойынды көпшілік арасында жүргізілетін жұмыс ретінде спорт секциясының сабағында жүргізу

керектігін және ойын алаңының шартын (қысқы, жазғы алаң) сай келетіндігін немесе бөлмеде ұйымдас-тыруға қолайлылығын, ойынды қолда бар жабдықтармен өткізу мүмкіндігін ескеру.

Белгілі бір ойынды өткізгенде жаңа, кенет кездескен жағдайлар, ойнаушылардың жағдайлары мен мінез-құлықтары ескеріліп, оның бұрын болжанған шарттары өзгеруі де мүмкін. Осындай жәйттарды ескеру негізінде басқарушы қимыл-қозғалыс ойынының мазмұны мен ережесіне белгілі бір өзгерістер енгізіп, ойынның маңызын көтеретін әдістемелік тәсілдер қолдануы мүмкін.

Жаңа ойынды түсіндіргенде оқушылардың ойынға даярлығын, қозғалыс ойындарына қатынасудан жеткілікті тәжірибесі бар екендігін ескеру қажет. Жеткіншектерге көбінесе қарапайым, бұрын үйренген ойындардың қиындатылған нұсқалары беріледі. Сондықтан ойнаушыларға қойылатын негізгі талаптар туралы белгілі бір дәрежеде мәлімет, нұсқаулар беруге аз тоқталуға мүмкіндік туады; осы нұсқауларға кететін уақытты қысқарту есесінен ойналатын ойынның техникасы мен тактикасы жөніндегі мәселелерге жете және толығырақ тоқталу керек.

Төменгі жастағы бастауыш сынып оқушыларына қарағанда, жеткіншектердің зейін қоюы тұрақты болады. Дегенменде оларға ойын басталар алдында қалыптан тыс толық және ұзақ түсіндіруден аулақ болуы керек.

Ойынды қызықты, түсінікті және қысқаша баяндай отырып, басқарушы ойынның барысында-ақ қосымша нұсқаулар бере алады. Мысалы, бастапқы қолайлы жағдайда-ақ белгілі бір қате әрекет, теріс тәсіл жасамау керектігі ойнаушыларға ескертіледі. Бір команданың ойыншысы белгілі бір ережені бұзған кезде жіберілген қатенің нәтижесінде «қарсы жақтың» командасы қандай артықшылық жағдай (ұпай жөнінде, тактикалық маневр жөнінде және т.б.) алатыны көрнекі түрде көрсетіледі. Ойынның барысында, қатысушылардың алаңда орын ауыстыру кезінде, ойыншылар өзара алмасқан кезде, командалар рөлдерін ауыстырған кезде және тағы басқа да алаңда орын ауыстырудың жай-жапсарымен іс жүзінде таныстыру жүргізіледі.

Кейбір жағдайда жаңа ойынды алдын ала түсіндіруді ойында кездесетін топтық техникалық тәсілдерді көрсетумен, шамамен алғанда, бірнеше ойыншы орындайтын жеке тактикалық әрекеттерді көрсетумен бірге жүргізу пайдалы болады.

Спорт алдымен ойынның біраз жеңілдетілген түрін өткізген жақсы. Ойынға қосымша ережелерді бірте-бірте енгізу керек және оқушыларды ойынның жаңа бөліктерімен, тәсілдерімен таныстыру қажет.

Жұмыс практикасы көрсеткендей күрделі қимылды ойындарды алдын ала «кіріспесіз» өткізу әрекеті сәтсіз болып шығады. Ойнаушылар барлық ережелерді бірден меңгеріп кете алмайды және техника мен тактика бойынша жеткілікті түрде даярлығы болмағандықтан көп қате жібереді. Ойын қызықсыз болады, балалар ойнауға ынталанбайды. Сонымен қатар, күрделі қозғалыс ойындарын ойдағыдай үйрену мақсаты мен сабақтар тәжірибесіне күрделі ойындарды үйренуге тікелей даярлық болып саналатын мейлінше қарапайым ойындарды енгізудің маңызы зор.

1 Уанбаев. Дене мәдениетінің теориясы мен әдістемесі.

2 Қасымбекова С.И., Темірғалиев Ю.Г., Тайжанов С. – Алматы, 2000 ж. – 47 б. 5-11 сыныптарға арналған дене тәрбиесі бағдарламасы.

3 Тайжанов С., Қасымбекова С.И. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: «Казстатинформ» баспасы, 2004 ж. – 116 б.

4 Тайжанов С., Қарақов А. Дене тәрбиесі. 2-кітап (Бастауыш сыныптарға арналған). – Алматы: «Үшқиян» баспасы, 2004 ж. – 116 б.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы применения подвижных игр в воспитании детей, данная тема в настоящее время неоспорима актуальна, поэтому среди большого разнообразия средств физического воспитания принадлежит особое место национальным спортивным подвижным играм.

Summary

This article discusses issues of using dynamic games in parenting, this topic is now undeniable relevance, so among a wide variety of physical education has a special place national sports mobile games.

НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҰЛЫ ТҰЛҒА

А.Т. Айтуарова – *өнер.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің доценті*

Мақаланың мақсаты – қазақтың композиторы Нұрғиса Тілендиевтің ұлттық музыкалық мәдениетіндегі алатын орынын айшықтап ашып көрсету. Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығы қазіргі қазақ музыкасы тарихының жарқын беттерінің бірі болып саналады. Оның музыкасына деген халықтың қалтқысыз махаббаты, әндерінің, оркестрлік күйлерінің, киномузыкасының жаппай танымалдығы Нұрғисаның қазақ музыкалық мәдениетінің тарихында өшпес із қалдырған нағыз халық композиторы екендігінің анық айғағы.

Нұрғиса Тілендиев – әйгілі композитор, төлтума дирижер, кемел домбырашы. Ұсынылып отырған мақалада осы үш қасиеттің үйлесімі ғылыми тұрғыдан қарастырылып отыр. Н.Тілендиевтің «Ата толғауы», «Аңсау», «Аққу», «Махамбет», «Атадан мұра», «Қош керуен» т.б. оркестрлік шығармалары қазақ музыкасының халықтық аспаптық дәстүрлерін дамыта отырып, дәстүрлі күйдің жаңа үлгілері «халық аспаптар оркестріне арналған күйлер» болып табылады.

Н.Тілендиевтің аса танымал болған көптеген әндері шын мәніндегі халық әндеріне айналып кеткен. «Саржайлау», «Ауылдағы жеңеше-ай», «Біздің ағай тамаша», «Жан жарым», «Жан сәулем», «Құстар әні», «Әжеме» т.б. әндерінің айшықты, қарапайым кайырма-ары адам жадында жылдам жатталып қалатындығымен қадірлі.

Түйін сөздер – дәстүрлі музыка, ана музыкалық тілі, халық эстетикасының жалғастырушы, еуропалық көпдауыстық, көне халық аспаптары, оркестрлік күй

Нұрғиса Тілендиев – әйгілі композитор, төлтума дирижер, кемел домбырашы. Осы үш қасиеттің үйлесімі кәсіби халық музыкасы өкілінің бес аспаптығын дәлелдейді. Нұрғиса - шығармашылық болмысының ерекше еркіндігі мен өзгешелігі жалпылық шеңберіне симайтын жалқы дүниенің перзенті. Дәстүрлі дүниетанымнан әлемге деген жалпы көзқарастың тұтастығы, белгілі бір объективизм туындайды. Нұрғисаның үздік шығармашылығын әуезі өміршең, толыққанды, тылсым сырымен баурайды... Дүниенің баяндылығын жырлайтын, халқының аманшылығын аңсаған, ұлттық сенімді ұран еткен Нұрағаның музыкасы дәстүрлі қазақ музыкалық шығармаларының тілін қазіргі заман биігіне көтерді.

Сонымен қатар, Нұрғиса Тілендиев – жазба ұлттық кәсіби композиторлық мектебінің өкілі. Ол қазіргі заманның музыкалық білім алған, шығармашылық қоржыны опера, балеттер («Алтын таулар» операсы, «Ортеке», «Достық жолымен», «Аққулар» балеттері), киномузыка, мультфильмдер, драма спектакльдерге арналып жазылған шығармалар құраған композитор. Бір ғажабы, кемел композитордың ерекшелігі сол, оның музыкасы не кәсіби халық музыкасына, не еуропалық бағыттағы композиторлық ағымға жатқызуға келмейді. Тарихқа жүгінейік.

Нұрғиса Тілендиев шығармашылығы Қазақстанда 70-ші жылдардың аяғы 80-ші жылдардың басында кең таныла бастады. Бұл кезең дәстүрлі қазақ мәдениетіне, оның ішінде музыкалық мұра, ауыз әдебиеті, сәулеттік ескеркіштер, тарихи оқиғаларға жаппай қызығушылық белең алғанымен белгілі. Осы уақытта, қазақ халқының көне тарихи кезеңдерін, тарихи тұлғалардың өмірін сипаттайтын көне есімдерге толы Ильяс Есенберлиннің, Әнуар Әлімжановтің тарихи романдарын оқу кең етек ала бастады. Көркемдік қиял элементтерінің кейбірі шынайы оқиғаға сәйкес келмесе де, олар тудырған романтикалық көзқарас ұлттың үрдісін тануға ұмтылған қалың оқырманның көңілінен шықты.

Осындай жағдайларды музыкалық мәдениет те бастан кешірді. Шешуші рөл фольклорист-ғалым Болат Шамғалиұлы Сарыбаев қызметінің үлесіне тиді. Ғалымның қайта қалпына келтірген көне аспаптары қазақ музыкалық тарихының, оның ырғаққа бай мәдениетінің қайта туып, жандана дамуына мұрындық болды. Сарыбаев құрған көне аспаптар ансамблі халық музыкасының бұрыннан қалыптасқан формаларына жан бітірді. Музыкалық мәдениетке Уәли Бекеновтің орындаушылық шығармашылығы да септігін тигізді. Ол насихаттаған нәзік лирикаға толы, әуезді «шертпе» стилі дәстүрлі ұлттық дүниелердің сахнасын айқара ашты. Тыңдарманға жылдам «төкпе» күйлермен қатар айшықты, бай, лирикалық аспаптық стиль ұсынылды.

1981 жылы Нұрғиса Тілендиев құрған «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамбль (кейінірек – оркестр) көптен күткен мәдени құбылыстың көрінісі еді. Аталған ұжым республикада кең танымал болды. Мұның себебі неде? Оркестрдің «фольклорлық-этнографиялық» деп аталуының өзі межелі мақсат – көне қазақ музыкасын қайта жандандыру екендігін дәлелдеді. Орындаушылардың сәнді қызылды-жасылды ұлттық киімдері, романтикалық атауы (көне қаланың атауы), ең бастысы Болат Сарыбаев өмірге қайта әкелген көне қазақ аспаптары – *саз сырнай, шаңқобыз, сыбызғы, жетіген, қылқобыз, дауылпаздың* дауыстары ансамбльдің ұлы шығармашылық мұратын айғақтай түсті. Оркестрлік типте бұрыннан қалып-

тасқан құрамға абайлап енген бұл аспаптар кейіннен ғажайып нәтиже берді: аспаптардың басқа топтары бұлардың үнін баса алмады, керісінше оркестрге ерекше рең беріп, ұжымның ұтымды ырғағына айналды. Сонымен ансамбль бірден репертуарындағы шығармалардың «шертпе» мақамымен танымал болды.

Тілендиев музыкасының дәл өз уақытында пайда болуы - оның өнерінің кең өркен жаюына, танымал болуына игі ықпал етті. Композитор концерттеріне бару озық үлгіге айналып өткен күн мен бүгінгі таңның музыкалық дәстүрлеріне бас ию - өзіндік дәстүр болып қалыптасты, Нұрғиса Тілендиев шығармашылығы дәстүрлі өнердің қайта дүниеге келуіне тікелей байланысты болды, оның музыкасы нағыз қазақ музыкасы деген жалпы ұғым қалыптасты.

«Отырар сазы» оркестрінің концерттері – халықтың шың ниетімен, ыждағатпен келетін мерейлі мерекесі еді. Бәлкім, бұл құбылыс Нұрағаның адамдық болмысымен байланысты болған шығар. Композитор тыңдармандарының алдында жан-жүрегін бүкпесіз ашып, музыкалық қарым-қатынастың дәстүрлі түрін тудырғандай болушы еді: сахналық орындау арасында шығармаларының шығу тарихынан қысқаша түсінік беріп, әзілге толы әдемі әңгімемен залды серпілтіп отыратын. Ал Нұрғиса қасиетті домбырасын қолына алғанда, маңайда айтып жеткізгісіз тыныштық орнап, ғажайып дүниемен кездесу, шыңайы өнер құпиясын тану сезімін туатын...

Нұрағаның бойынан буырқана шыққан тасқын күш, оның ерекше мәнері, өзіндік пәлсапасы бар әнші-ақындардың, қазақ мәдениетінің кәсіби таратушылары – сал-серілердің халық мектебінің өкілі болғандығынан шығар. Оның концерттеріндегі ақжарма атмосфера, емін-еркіндік – осының көрінісі. «Отырар сазының» концерттері ұлы композитордың дирижерлықты жасап, атақты «Құстар әнін» залмен қосылып, айтуымен аяқталушы еді.

Дәстүрлі қазақ мәдениетінен бастау алатын жоғары кәсібилік тек қызметтік аспектіден емес (тудырушы мен орындаушының синкретизмі

- тұтастығы, музыкалық қарым-қатынастың дәстүрлі формаларын тудыру), музыкалық тілдік тұрғыдан да аңғарылатын. Тілендиев *ана музыкалық тілінде* ойлап, қазақ музыкасының дәстүрлі, бейнелік-жанрлық жүйесін жүзеге асырды. Ән шығармашылығында композитор Жетісудың ән дәстүрін жалғастырып, оркестрлік туындыларында «шертпе» стилін дамытады. Сонымен қоса, Нұрғиса Тілендиев дәстүрлі қазақ мәдениетінің құнды жақтарын еуропалық жүйенің техникалық, айшықты мүмкіндіктерімен (оркестрлік көпдауыстық, үйлесімді гармониялық байланыстар, ладотональді қосындылар, тембрлік драматургия секілді) музыкалық әдістерді асқан дарындылықпен қосады. Нәтижесінде, *еуропалық* сапалы көркемдік жүйенің жетістіктерімен қаруланғын, сонымен қоса *қазақтың дәстүрлі* музыкалық танымның тұтастығын бойында *кәсіби музыка* өнерінің өкілінің *халықтық типі* қалыптасты.

Композитор шығармашылық қуаты, жалпы музыкалық танымы арқасында музыка өнерінің барлық жанрларында жемісті еңбек етті. Қарапайым екпінді әуендердің ұғымдылығы Тілендиев музыкасының Қазақстанның қазіргі заманғы музыкалық мәдениетінде алдыңғы орынға шығып, қалын қауымға танымал болуына зор ықпалын тигізді.

Тілендиев музыкасының айқын әлеуметтік табиғаты да соның себебі. Өйткені көпшілікке арналған музыка көркемдік құбылыс емес, әлеуметтік құбылыс. Кемеңгер композитордың өміршең өнері қалалық мәдениет аясында өркендеуі кездейсоқ емес еді: ол дәстүрлі музыкалық контекстен айырылып, авангардтық мәдениеттен халықтық музыкаға ұқсас коммуникативті формалар таппаған ұлттық аудиторияның көркемдік талаптарын қанағаттандыра алды. Тілендиев замандастарына дәстүрлі халық музыкасының өзіндік концепциясын ұсынып, тыңдармандарының құптауын алды, өйткені көпшілік ұғымында музыкалық танымда қазақ халқының көне мәдениет дәл осылай көрініс табуы заңдылық еді.

Нұрғиса Тілендиев 1925 жылдың 1 сәуірінде Алматы облысы, Іле ауданы, Шілікөмер ауылында дүниеге келді. Талантты баланы тап басып таныған академик А.Қ. Жұбановтың көмегімен 12 жасар Нұрғиса қазақ халық аспаптары оркестріне (қазіргі Құрманғазы атындағы оркестр) орындаушы\домбырашы ретінде кіреді. Дирижерлық шеберліктің, орындаушылық өнердің бастапқы сабақтарын Тілендиев алғашқы ұстазы Ахмет Жұбановтан алған болатын. Сонымен қатар, Нұрғиса үшін халық аспаптар оркестріндегі қызмет Науша Бөкейханов, Қали Жантілеуов іспетті атақты халық домбырашыларының тұлғасындағы кәсіби өнерді зерттеу жөніндегі мектепке айналды.

Сұрапыл соғыс Нұрғисаның 18-дегі жасына жағаласа басталып кетті, 1943 жылы жас өз еркімен майданға аттанып, фашистік жөндеттерімен аянбай соғысты, оған «Ұлы Отан соғысында Германияны алған үшін», «Берлинді алған үшін» медальдары сияқты жауынгерлің наградалары дәлел бола алады.

Соғыстан кейін Н.Тілендиев Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының халық аспаптары факультетінде оқи жүріп, Қазақ ССР радиокомитетінің халық аспаптары оркестрін басқарады. Бұл ретте, әлбетте, кәсіби дирижерліктің қажеттілігі туады да, Нұрғиса 1949 жылы Мәскеу мемлекеттік

консерваториясының дирижерлік факультетіне (профессор Н.П. Аносовтың класын) оқуын жалғастыруға аттанды.

Оқуы тәмамдалғаннан кейін Нұрғиса Тілендиев 1952 жылдан бастап 1960 жылға дейін Абай атындағы опера және балет театрының симфониялық оркестрі бас дирижерінің орынбасары қызметін атқарады. Ал 1960 жылы Құрманғазы атындағы қазақ халық аспаптары оркестрінің бас дирижері болып, 1968 жылы «Қазақфильм» киностудиясының музыкалық редакциясын басқарады. Бірнеше жыл артқа тастап, Нұрағаң музыкалық этнографиямен әуестеніп, 1982 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін бас дирижерлікпен қоса, оркестрдің көркемдік жетекшілігінің де тізгінін қатар ұстады. Күллі әлемге танымал «Отырар сазы» оркестрі азаматтығы мен өнерге адалдығының арқасында халық жүрегінен өзінің асқаралы орнын тапқан ұлы ғұламаның мәңгі өлмес, мәні кетпес шебер туындысы болып қала берді.

Нұрғиса Тілендиев Қаз ҚСР Мемлекеттік сыйлығының иегері 1978, ҚСРО халық әртісі 1984, Қаз ҚСР жоғары кеңесінің депутаты 1985, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері 1995, «Халық қаһарманы» алтын жұлдызының иесі.

Нұрғиса шығармашылығы жанрлық диапозон кеңдігімен ерекше: композитор ән жазумен қатар, хорға арналған туындылар, домбыраға арналған күйлер, эстрадалық оркестрге, халық аспаптары оркестріне лайықталған шығармалар жазды, кино және мультфильмдерге, хроникалық-деректі ленталарға, драмалық спектакльдерге арнап музыка жазды. Композитордың тегерунді таланты еуропалық дәстүрдегі опера мен балет жанрларын да бағындыра алды.

Н.Тілендиевтің аса танымал болған көптеген әндері шың мәніндегі халық әндеріне айналып кеткен. «Саржайлау», «Ауылдағы жеңеше-ай», «Біздің ағай тамаша», «Жан жарым», «Жан сәулем», «Құстар әні», «Әжеме» т.б. әндерінің айшықты, қарапайым қайырмалары адам жадында жылдам жатталып қалатындығымен қадірлі. Композитор үшін ән - сөзі мен әні астасқан, анық айтылатын әуен. Бұл ретте, композитор фольклордан иеленген ырғақ пен қайырмаларды қосып, ұтымды пайдаланып қана қоймайды - олар осы ырғақтық табиғатынан туындап, еркін түрде құрылады.

Атап кетерлік бір жайт, Нұрғиса әндерінің көпшілігінің тілі қазақ фольклорының әуен формулаларына сүйенумен қатар, кеңестік эстрадалық әндердің ырғақтарына негізделіп жазылған. Халықтық вокалдық элементтер кейде марштық және вальстік ырғақтардан құралған жат ұлттық әуенмен кіріге байланысса да, Тілендиев әуендері бейн-сезімдік реңін жоғалтпайды.

Нұрғиса шығармашылығының таңдай қақтырар тағы бір тұсы – қазақ халық аспаптары оркестріне, оның ішінде «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестріне арналып жазылған шығармалары болып табылады. Осы оркестрдің орындауына арналған Тілендиевтің барлық партитуралары қайталанбас реңде оркестрленуімен, әуендік тілінің, тембрлік-дыбыстық қатардың ерекшелігімен әйгілі. Соңғы қасиет Б.Сарыбаев өмірге қайта әкелген көне халық аспаптарының оркестр құрамына еңгізілуімен түсіндіріледі.

Бұрын қолданылмаған қазақ аспаптарының ырғағы дыбыстық палитраны едәуір байытып, оркестрдің мүмкіндіктерін біршама арттырды. Н.Тілендиевтің «Ата толғауы», «Аңсау», «Аққу», «Махамбет», «Атадан мұра», «Қош керуен» т.б. оркестрлік шығармалары қазақ музыкасының халықтық аспаптық дәстүрлерін дамыта отырып, дәстүрлі күйдің жаңа үлгілері «халық аспаптар оркестріне арналған күйлер» болып табылады. Тілендиев шығармашылығы көне дәстүрлердің жаңа қалыпқа түскен өмірімен тікелей байланысты деп атауға лайық.

Композитор тек «төкпе» стилінің ғана емес, сонымен қоса «шертпе» стилін дамытты – еуропалық оркестрлік жазу заңдылықтары қазақы дәстүрлі күйдің екідауысты негізін бұзбастан, айырықша тембрлік табиғаты мен шеңберлік құрылымы бар көне жанрдың өзіндік ерекшелігі мен құндылығын аша түседі.

Н.Тілендиевтің сан қырлы өнерінің ауқымды аумағы оның кинофильмдер мен мультфильмдерге арнап жазған музыкасы болып табылады. Бұл тұста композитордың кемел таланты, тіпті, бір басқа – ассоциациялық-көрнекті қырынан көрініс табады. «Қазақфильм» студиясы шығарған бірқатар фильмдердің тағдыры Нұрғиса Тілендиев атымен байланысты. Қазіргі таңда қазақ халқының бірнеше буын өкілдеріне сүйікті болып, қазақ мультипликациясының классикасына айналған «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Ақсақ құлан», балаларға арналған «Менің атым Қожа» фильмдерін музыкалық сүйемелдеуінсіз елестету мүмкін емес, өйткені музыка аталған туындылардың ортақ бітімнің айырылмас бір бөлігіне айналып кеткен. Атақты композитордың жарқыраған табиғи талантыға толы музыкасы кадр мазмұнын тура беріп қана қоймай, толықтыра түседі, ал көп ретте фильм драматургиясында негізгі рөлге ие болады.

Сұлтан Ходжиковтың атақты киноклассика болып табылатын «Қыз Жібек» фильмінде көш кезін суреттейтін музыкасында көңіл-күйді асқан дәлдікпен беретіні соншалық, осы шығарманы жеке орындауында да (кейіннен аталған фрагмент дара туындының мәртебесін алға) мерекелік думан, көпшіліктің тынымсыз тынысына толы даланың суретін көз алдына әкеледі.

«Қыз Жібек» фильмінде дәулескер домбырашыларға да қиындық тудыратын Дарабоз Аға домбырасының құдіретті қағыстарын естиміз. Бұл тұста композитордың тарлан талантының тағы бір тамаша қыры - кәсіби домбырашылық дарын бой көрсетеді. Нұраған қолындағы домбыра әуелей, әлдилей ән салады. Домбыралық штрихтің шебер техникасын еркін меңгерген қолмен шертілген шығармада нәзік ырғақтармен обертондар байқалып қалады. Ал Ыбырайдың «Гәкку» әніне жасалған вокалды аспаптық сөзсіз импровизацияны айтсаңызшы: терең философиялық лирикаға толы туындыда дүниенің баянсыздығының, қара бұлттай қаптап келе жатқан кәсіретті қайтарудың мүмкін еместігінің сөз жеткізе алмас әсерін әуен жеткізген!

Нұрғиса Тілендиев шығармалары қазақ музыкасы тарихында қайталанбас із қалдырды. Композитор халық эстетикасынан еркелей аққан арда ағысты бүгінгі күннің музыкасының жаңа арнасына бұрды. Оның шығармашылығындағы дәстүрлі танымның асып төгілген ғаламат рухани күш-қуаты бізге адамгершілік асуларының асқан биігін меңзейді.

1 Любимов Л.Д. «Искусство древнего мира», - М., 1980.

2 Лосов А.Ф. «Знак. Символ. Миф», - М., 1982.

3 Шахнович И.И. «Первобытная мифология и философия», - М., 1975.

4 Виппер Б.Р. «Искусство древней Греции», - М., 1972.

5 Любимов Л.Д. «Искусства зарубежных стран, первобытное общество, Древний Восток. Античность», - М., 1981.

6 Радциг С.И. «История древнегреческой литературы», - М., 1977.

7 Ярхо Б.И. «Эсхил и проблемы древнегреческой трагедии». - М., 1977.

Резюме

Цель статьи – показать роль и место казахского композитора Нургисы Тлендиева в современной музыкальной культуре Казахстана. Оригинальность и самобытность Нургисы Тлендиева – в том, что в его творчестве органично сплелись черты традиционного музыкального искусства казахов и современного массового. Нургиса сумел создать подлинно национальную массовую музыку, соединившую красоту истинно народных напевов и эстрадные ритмы, сложное искусство домбристов-импровизаторов и европейские гармонические структуры.

Summary

The purpose of this article is to show the role and place of Kazakh composer Nurgisa Tlendiev in contemporary musical culture of Kazakhstan. Originality and identity Nurgisa Tlendiev is that in his work organically intertwined features of traditional music and contemporary art of Kazakhs mass. Nurgisa created a truly national mass music, connected with the beauty of true folk songs and pop rhythms, art dombra players improvisers and European harmonic structure.

УДК 32.012

ВРЕМЯ - В ФОКУСЕ ВНИМАНИЯ ХУДОЖНИКА...

А.Е. Татаева – к.филос.н., старший преподаватель, кафедра «Графики и дизайна»

Природа знать не знает о былом, ей чужды наши призрачные годы...

Тютчев

«Сегодня, как никогда, человеку важны не только материальные стимулы, но и духовные стимулы для развития. В условиях нравственного вакуума вызванного сломом старой идеологической системы, переоценкой ценностей, обусловленной сменой общественной формации, особенно важно... дать людям заряд высоких помыслов, приобщить молодое поколение к ценностям культурного многовекового духовного наследия народа, всей мировой цивилизации» отмечает Н.А. Назарбаев.

В художественном осмыслении жизни постигается ее многогранность, красота и величие. Мировое искусство во все времена стремилось в художественно-образной форме дать ответ на волновавшие человечество вопросы бытия. Оно не изучает человека в отрыве от природной и социальной действительности. Искусство рассматривает действительность в зависимости от стремлений, переживаний и идеалов человека. Окружающий мир становится объектом искусства в той мере, в какой он преломляется в мире чувств и мыслей человека. Искусство все чаще обращается к философским проблемам бытия, выявляет и воссоздает связь времен, движение истории.

Тема времени относится к основным, существующим в искусстве на протяжении столетий. Начиная с первобытных времен, человек проявлял значительный интерес к проблеме «хроносущности» бытия [1.212]. Интерес к этой теме понятен и закономерен. Художественное ощущение времени стало одним из важнейших аспектов содержания изобразительного искусства. Время является основой формирования

художественного стиля. Различные художественные направления, течения и школы определяются восприятием и особенностями переживания времени.

Существуют разные аспекты явления времени в искусстве:

- ощущение «вечности», осознание вневременности создания мира. Тема времени в изобразительном искусстве связывает воедино человека с вечностью. Отношение к категории времени как к атрибуту божественной упорядочивающей воли придает произведениям, тематически связанным со временем многозначительность. Ведь время в искусстве это образное, художественное воплощение представлений и размышлений об устройстве мира, о вечности и человеческой жизни, о неумолимом его течении и ежегодном возобновлении, круговороте. «...всякое художественное произведение представляет собой сложное единство знания и убеждения, познавательного и эмоционально-целостного начала. Именно в силу этого подлинное значение и содержание произведения можно выявить только в контексте анализа «духовной атмосферы эпохи», выразителями и носителями которой... является художник» [2.11]. Время – это персонифицированная вечность, Всевышний Отец, неведомое существо, заполняющее собой бесконечность. Согласно учению ислама, время одно из оснований мира... основа последовательного деления его на циклы, и хадис запрещает нам проклинать свой век, поскольку «век – это Бог» [3.67].

- отражение "исторического времени" в художественной традиции, формировании отдельных исторических типов искусства. История культурологической и философской мысли насчитывает немало попыток осмысления времени сквозь призму социокультурного развития. [4.16] Можно найти не только самые различные концепции, так или иначе связанные с исследованием понимания времени в различных типах культур, а так же и интерпретации времени как такового, в том числе и в изобразительном искусстве. Мы рассматриваем художественное произведение в контексте эпохи, основных направлений интеллектуальных поисков, которые двигаются параллельно медленно текущему историческому времени. В произведениях искусства отражается связь времен и поколений, настоящее, будущее и прошлое.

- особенное выражение пространственно-временных отношений в каждом из видов искусства. Разные способы их трансформации в художественное пространство и время. Возникает ощущение, что разрешение задачи изображения времени находится на грани различных видов искусства. Более того: взаимовлияние и взаимодействие видов искусства способствует появлению новых решений.

- время как предмет изображения может быть представлено в виде космических, планетарных, звездных и зодиакальных кодов. Время можно интерпретировать с точки зрения сакральных ценностей и эстетических норм, возрастных этапов человеческой жизни, цивилизационных принципов развития от рождения и расцвета до гибели. Время – существенный и решающий фактор жизни, который является большой загадкой для человека. Не в состоянии удержать его, человек всегда пытался его измерить, закрепить и изобразить. О популярности темы в искусстве говорит то обстоятельство, что изображения циферблата часов встречаются повсеместно. Часы это своеобразная мандала, символ отмеренного времени и вечного движения. Часы репрезентируют мировые силы, воплощают идею длительности, неотвратимости, неумолимости.

Часы песочные, солнечные, механические, электронные и т.п. олицетворяют скорость времени и мировой порядок, часы без циферблата или без стрелок говорят о «пустом» времени, о безвременьи [5.521].

- в изобразительном искусстве время довольно часто представляется в виде аллегорий и символов. Время стало частью системного представления о мире, в котором оно было соотнесено со сторонами света и направлениями ветров, первоэлементами, временами суток, возрастами человека и темпераментами. Символами вечного течения времени служат спираль, вращающиеся фигуры, колесо, розетка, круг зодиака, переполненная чаша или кубок (летнее солнцестояние) [3.65]. Основным сюжетом темы времени первоначально был уход и возвращение божества света, тепла и плодородия. Вся природа подчиняется универсальному ритму смены времен года. В свою очередь дневной цикл делится на три видимые части: восход солнца, полдень, закат и четвертую невидимую – полночь. Это соответствует также четырем периодам жизни человека: детству, расцвету, зрелости и дряхлости [6.32]. В течение тысячелетий человек пытается передать размышления о времени посредством изобразительного искусства, с помощью аллегорий и символов. Сменяющие друг друга культурные эпохи обогатили иконографию темы времени. Великие мастера создали выдающиеся индивидуальные интерпретации, изначально претендующие на некий универсализм. На них лежит отблеск сакрального, несмотря на то, что, чаще всего они воспроизводят жизнь обыденную.

1 Тойнби А.Дж. Постыжение истории. – М.: Айрис-пресс, 2006.

2 Диденко В.Д. Искусство и философия. - М.: Знание, 1986.

3 Жюльен Н. Иллюстрированный справочник символов. - Изд. «Урал ЛТД», 1999.

4 Шуб М.В. Интерпретация времени (на анализе культуры первобытного общества). Вопросы культурологии, - №2\2009.

5 Энциклопедия символов, знаков, эмблем (сост. В.Андреева и др. – М.: Локид; миф. 2002)

6 Сведенборг Э. Тайны неба. - Киев, 1993.

Резюме

В данной статье раскрываются вопросы о культуре межнационального общения студентов являющееся неотъемлемой составляющей культуры общества и культуры личности.

Summary

This article presents issues about the culture of interethnic communication students are an integral part of culture society and culture of the individual.